



ЕУРОПАДАҒЫ ДАҒДАРЫС:

наразылыққа ішкі
саяси күрес себепші

2



ҰЛЫ КӨШБАСШЫ

Мұстафа Кемал
Ататүрікке ескерткіш
ашылды

5



КИБЕРБУЛЛИНГ бопсалаудың бір түрі

10

СПОРТ – СЕРГЕКТІК ӘЛЕМІ

Алматыда жыл соңына дейін 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады

Алып шаһар Алматыда 924 мың тұрғын спортпен белсенді айналысады. Бұл қала тұрғындарының 42%-ы. Десек те, қаладағы спорт инфрақұрылымын құру жұмыстары әлі де жалғасуда. Мәселен, биыл мегаполистің Түрксіб, Медеу, Алатау аудандарында 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланған.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жаңа нысандар күн сайын барлығы 2000-нан астам адамды қабылдай алады. Бұған қоса, қалада 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт орталығы, жеңіл атлетика манежі, «Медеу» БТСК жаңғырту және Орталық стадионның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жүргізілуде.

Салауатты өмір салтын ұстануға және бұқаралық спортты қолдауға қолайлы жағдай жасау бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2023 жылы спорттың 64 түрі бойынша 31 мыңнан астам бала тегін спорт секциясымен қамтылды. Айта кетейік, 4–17 жас аралығындағы қала тұрғындары спорт секцияларына тегін қатыса алады. Сонымен бірге, жалпы саны 32 мыңнан



КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда барлығы 3703 спорт нысаны жұмыс істейді.

астам адамды қамтитын командалық спорт түрлері бойынша (шағын футбол, баскетбол, волейбол) мектеп және студенттер лигасы құрылды.

Сала мамандарын кәсіптік даярлау бойынша да жұмыс жалғасып келеді. 2023

жылдың басынан бастап 44 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 166 спорт шебері, 1895 спорт шеберіне үміткер және 848 бірінші дәрежелі спортшы дайындалды. 12 спорт түрінен 23 адам (таэквондо, әйелдер боксы, жеңіл атлетика, ок ату, дзюдо, грек-рим күресі, еркін күрес, байдарка мен каноэ-де есу, спорттық гимнастика, семсерлесу, стендтік ату) олимпиадалық лицензияларды жеңіп алуға үміткер атанды.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №8 (6459) 30 қаңтар, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

«ҚАЗАҚТЫҢ МОЦАРТЫ»

атанған алматылық талантты композитор
Рахат-Би Әбдісағиннің жаңа операсының әлемдік премьералары
Ұлыбританияның 4 қаласында өтеді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Танымал қазақстандық пианист, өнертану ғылымының магистрі, халықаралық конкурстардың лауреаты, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Президентінің «Ең дарынды өнерпазға» кубогының иегері, П.И.Чайковский конкурс лауреаттары қауымдастығының мүшесі Рахат-Би Әбдісағин осы жылы Шотландияның төрт көрнекті соборы Роберт Брюстің 750 жылдығына орай жазылған Шотландия корольдік консерваториясының докторанты жазған жаңа операны ұсынады.

6

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.01.2024

Түнде:



-5...-7 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, жолдарда мұзтайғақ.

Күндіз:



-1...+1 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, жолдарда мұзтайғақ.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

31.01.2024

Түнде:



-5...-7 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0...-4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САЯСАТ

ЕУРОПАДАҒЫ ДАҒДАРЫС:

наразылыққа ішкі саяси күрес себепші

Қазір Еуропалық елдерде жаппай наразылық орын алуда. 10 қаңтарда Германияда пойыз жүргізушілері мен шаруалардың ереуілдері басталды. 24 қаңтарда ереуілдер Францияға да тарады. Шаруалар талаптарын айтып, тракторлармен жолдарды бөген тастады. Наразылық Италия, Польшада да жүріп жатыр. Бұл ереуілдер неге бүкіл Еуропаға тарауда? Қазір БАҚ беттерінде түрлі болжам жасалуда. Ресейлік БАҚ дағдарыстың себебін Еуропаның Украинаны қолдауынан көруде. Бірақ мұның астарында Еуропалық одақтағы ішкі саяси күрес жатыр. Себебі, биыл 6–9 маусымда Еуропарламентке сайлау өтеді.

ЕРЕКШЕ САЙЛАУ

Биыл 6–9 маусым аралығында Еуропалық парламентке сайлау өтеді. Бұл сайлау 1979 жылдан бергі оныншы жалпыхалықтық сайлау. Халықтық дегені бізге түсініксіз болуы мүмкін. Еуропалық одақ құрылғаннан бері одаққа мүше мемлекеттер біртұтас халықты қалыптастырып келеді. Ортақ басқарушы органдар, заңнама, экономика және мәдени байланыстар арқылы біртұтас одақ құрылды.

Бұл жолғы сайлаудың тағы бір ерекшелігі Брексит үдерісінен кейін алғаш рет өтеді. Брексит деп Ұлыбританияның одақтан шығу үдерісін айтамыз. 2016 жылы 23 маусымда Ұлыбритания халқы Еуропалық одақтан шығу туралы шешім қабылдады. Жалпыхалықтық референдумда сайлауға қатысқандардың 52%-ға жуығы осы шешімді қолдады. Бірақ Ұлыбританиядағы ішкі саяси текетіреске байланысты одақтан шығу үдерісі ұзаққа созылды. Сөйтіп, 2020 жылдың 1 ақпанынан бастап одақтан ресми түрде шықты. Ресми мүшеліктен шыққасын Еуропарламенттегі депутаттық орындарынан айырылды.

Еуропарламент өкілді және заң шығарушы орган болғандықтан Еуропалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары тікелей сайлайды. Әрбір мүше мемлекетте бір немесе бірнеше сайлау учаскесінен тұрады. Еуропалық кеңеспен бірге

екі палаталы заң шығарушы орган ретінде төменгі палата ролін атқарады. Сайлау әрбір 5 жыл сайын өтеді.

2023 жылы қыркүйекте Еуропалық кеңес Еуропалық парламенттегі мүше мемлекеттердің өкілдер санын бекітті. Жалпы, парламенттегі орын саны 720. Қабылданған шешімге сәйкес Еуропалық парламенттегі орын саны келесідей бөлінді:

№	Мүше мемлекеттер	Депутаттық мандат саны
1.	Германия	96
2.	Франция	81
3.	Италия	76
4.	Испания	61
5.	Польша	53
6.	Румыния	33
7.	Нидерланды	31
8.	Бельгия	22
9.	Чехия, Грекия, Венгрия, Португалия, Швеция	21
10.	Австрия	20
11.	Болгария	17
12.	Дания, Словакия, Финляндия	15



(Сурет: bbc.com сайтынан алынды).

13.	Ирландия	14
14.	Хорватия	12
15.	Литва	11
16.	Латвия, Словения	9
17.	Эстония	7
18.	Кипр, Люксембург, Мальта	6

ПАРТИЯ МҮДДЕСІ БАСЫМ

Мемлекеттердің өкілдер саны әртүрлі болғанымен парламенттегі фракциялардың мүддесі ұлттық мүддеден басым. Ал ол фракциялар одақтық негізде қалыптасқан партиялардан құралады. Яғни сіз Германияның атынан депутат болып сайлануыңыз мүмкін. Бірақ сізге өз еліңіздің емес, фракцияның мүддесі басым болады.

Мысалы, сіз 96 депутаттың бірі ретінде Германиядан сайландыңыз. Бірақ Франциядан сайланған депутаттар басым болған фракция мүшесі болуыңыз мүмкін. Онда сіз де

Франциядан сайланған депутаттар да өз еліңіздің емес, партияның сөзін сөйлейсіздер. Яғни еуропалықтар бір депутатқа емес сол депутаттың партиясы ұстанған позицияға дауыс береді. Демек, осылайша ұлттық лоббилердің іс-әрекетіне шектеу қойылады. Мұны түсінсек бірқатар елдегі наразылықтардың шығу себебін де түсіне аламыз.

Биыл Германияда, одан кейін Франция, Италия, Польшада ереуілдер өтуде. Әсіресе, шаруалар белсенді. Олар тракторларын алып көшелерді жауып тастады. Басты талабы дизельді отынды субсидиялауды кезең-кезеңімен тоқтатуға қарсылық. Бұдан бөлек, шаруалар олардың жағдайын жақсартуды сұрауда.

Польшадағы ереуілдердің жөні бөлек. Ондағы шаруалар Украинадан келетін арзан ауылшаруашылық өнімдеріне шектеу қоюға мүдделі. Себебі, арзан өнімнен польшалық шаруалар зардап шегуде. Украиналық шаруалардың Польша арқылы Еуропаға экспортына Польша билігі емес, Еуропа-

лық одақ шешім қабылдаған. Мұндағы басты мақсат Украинаға Ресеймен текетіресте қолдау көрсету. Әсіресе, Украинаның астығына сұраныс көп. Егер Ресейдің бұқаралық ақпарат құралдарын зерделесек, осы бір факторды Еуропаның өзге елдерінде өтіп жатқан ереуілдерге тану саясатын көруге болады. Олардың сөзінше Германия, Франциядағы шаруалардың наразылығына Еуропалық одақтың Украинаны қолдауға бағытталған шешімдері себепші. Шындығында, олай емес. Ереуілдердің астарында ішкі саяси күштердің Еуропалық парламентте жеңіске жетуге ұмтылысы жатыр. Әрбір наразылық саяси бәсекенің белгісі.

Бүгінгі күні Еуропалық одақта экологиялық мәселелер өзекті. Дизельді отынға субсидияны азайтудың басты себебі де осы. Шаруалар экологиялық таза отынға өтуі тиіс. Дәл қазір Еуропарламентте 8 фракция бар: Еуропалық халықтық партия, социалистер мен демократтар одағы, Еуропаны жаңғырту, Жасылдар, Еуропалық консерваторлар мен реформистер, солшылдар мен жасылдар, Бірегейлік пен демократия, Еуропалық парламенттің тәуелсіз депутаттары. Шаруалардың дизельді отынды субсидиялауды тоқтатуға наразылығы «Жасылдарға» соккы деген сөз. Демек, шаруалардың наразылығын оңшыл күштер пайдаланып кетуі мүмкін. Яғни жеке кәсіпкерлерді қолдаушы саяси партиялардың іс-әрекеті деп топшылауға болады.

Перлехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖЕР СІЛКІНБЕЙТІН КҮН БОЛМАЙДЫ

Алматыдағы жер дүмпуі тұрғындардың үрейін ұшырды. Тұрғындар жапатармағай қала сыртына немесе жер үйге сабылып, абыр-сабыр күйге түсті. Әлеуметтік көңіл күй аласапыранға түсіп, халық түрлі алыпқашпа ақпараттарға ере кетуге бейім болды. Бұл жалпы жер сілкінісі секілді табиғи апат туралы түсініктің әлі де жеткілікті емес екенін көрсеткендей. Тіпті, арасында «Үкімет қайда қарап отыр, неге зілзала туралы алдын ала ескертіп, хабарлама таратпайды?» деген кейістер де айтылды. Осының өзі-ақ ақпарат құралдары арқылы жер дүмпуіне қатысты ғылыми мәліметтерді ұдайы жан-жақты жариялап отыру қажеттілігін дәлелдейтіндей.

ДҮМПУДІ АЛДЫН АЛА
ПАЙЫМДАУҒА БОЛА МА?

Адамзаттың ортақ үйі – Жер планетасында күн сайын жер сілкінісі тіркеліп отырады. Олай болса, зілзала қандай құбылыс? Бұл Жаратушының қаһары ғой деген қарабайыр түсінік бар. Олай емес, бұл – табиғи физикалық құбылыс.

Жер сілкінісі – жердің екі блогы арасында өзара жанасудан болатын жер қыртысының қозғалысы. Оның жер астындағы қозғалыс немесе қатығыс нүктесі – гипоцентр, ал осы нүктенің жер үстіндегі тұсы – эпицентр деп аталады.

Бір жыл ішінде әлем елдерінде тіркелген жер сілкінісінің саны 500 000 реттен асып түседі. Бұл дегеніміз, орта есеппен күніне 1370 шамасында жер сілкінісі орын алып отыратынын көрсетеді. Жыл бойы тіркелген дүмпулердің 100 мыңнан астамы болар-болмас қана, тіпті сезілмейтіндей деңгейде өтеді. Ал 100 шақтысы ғана адамдарға, қоршаған ортаға залал келтіреді. Бұлар әлемдегі жер сілкінісіне қатысты орташа есеппенді қорытындысы.

Алайда, соңғы екі онжылдықта жер сілкінісінен қаза болғандар саны өзге табиғи апаттарға қарағанда көбірек болды. Кез келген жер сілкінісі кезінде зиян мөлшері халықтың тығыздығына және құрылыс

конструкциялары мен сапасына байланысты болып келеді. Айталық, Жапонияда күніне ондаған жер сілкінісі болса да, кісі өлімі мен экономикалық шығыны өзге елдермен салыстырғанда төмен болып келеді.

• **Бүгінде қоғамды толғандырап екі сауал бар: табиғи апаттар арасында жер сілкінісін алдын ала болжауға бола ма? Болуы ықтимал зілзаланың нақты нүктесі мен уақытын көрсету мүмкін бе?**

Бірден айтайық, бұл мүмкін емес. Әрине, қазір ғылым мен техниканың дамуы өзінше биік деңгейде. Алайда, біз өмір сүріп жатқан жұмыр шардың біз танып болмаған сырлары молшылық. Жер сілкінісінің туу себептері, зардаптары туралы молынан ғылыми тұжырымдар таба аламыз. Бірақ алда болатын сілкіністер туралы нақты болжам жасау қазірше адамзаттың қолынан келмейді.

Сейсмологтар мұның бірқатар себептерін көрсетеді: Біріншіден, бір-біріне баяу соқтығысқан алып құрлықтардың әрекетін бақылау қиын. Жер шарының сыртқы қабатындағы алып құрлықтар бір-

неше үлкен кесектерге бөлінген. Олар қозғалмайтын кесектер емес, керісінше үнемі қозғалыста болатын қалқымалы алып құрлықтар. Былайша айтқанда, балқыған мантиялық қабаттың сыртында қалқып жүреді. Әрі ұдайы бір-бірімен соқтығысып, әсерінен жанар таулар атқылайды немесе жер сілкінісі болады. Бұндай әрекеттер өзара соқтығысып жатқан қыртыстардың шекаралас өңірлерінде ұдайы қайталанатын. Айталық, Жапония осындай аймақта орналасқан.

Екіншіден, бір алып қалқымалы кесектің астыңғы қабатында да тау жыныстары ұдайы қозғалыста тұрады. Жерасты жыныстарының қозғалысы тұрақсыз, әрі миллиондаған жылдарға созылатын баяу қозғалыстар. Осы тым ұзақ үрдістер Жер түзілістеріне әсер етеді. Яғни таулы өңірлерді, жазық даланы немесе ойпаттарды қалыптастырады. Оларды қысқа уақыт бақылап қозғалысын дәл анықтау мүмкін емес.

Осы және өзге де толып жатқан себептер сейсмологтарға жер сілкінісін дәл болжауға мүмкіндік бермейді. Дәл қазіргі уақытта жер сілкінісінің қашан және қай жерде болатынын, оның қаншалықты күшті болатынын болжау мүмкін емес. Дегенмен, сейсмологтар ықтималдықтар мен болжамдарды есептеу арқылы ғана зілзала қай аумақтарда болуы ықтимал екенін болжай алады. Соның өзінде болжамдардың бәрі 100 пайыз дұрыс шыға бермейді.

БҮЛ БОЛЖАМДАР НЕНІ
БІЛДІРЕДІ?

Жер сілкінісінің ықтималдығы белгілі бір магнитудалық жер сілкінісінің сол аймақта бірнеше жылдар бойы орын алу мүмкіндігін білдіреді. Оны сол аймақтағы

бұрынғы сейсмикалық белсенділіктің орташа жиілігі негізінде есептеуге болады. Бұл әдістің қолдану тарихы ұзақ емес. Тек өткен ғасырдан бері ғана тіркелген жер сілкінісі нүктелеріне қатысты деректер бойынша есептеледі.

Бұдан тыс, ғалымдар көне тарихта болған жер сілкінісінің геологиялық жазбаларын зерттеу үшін зілзалала пайда болған аңғарларда зерттеу жүргізеді. Оның астыңғы қабатынан дәлірек болмаса да, қосымша ақпарат ала алады.

Жер сілкінісінің ықтималдылығын математикалық есептеулер арқылы да шығаруға болады. Мысалы, сейсмологтар екі процесті есепке ала отырып, келесі ықтимал уақытты табуға тырысады.

Осы ғылыми әдістер арқылы қысқа уақыт аралығындағы жер сілкінісінің ықтималдығы туралы ақпаратты беруге болады. Болжамдар әдетте жер сілкінісі өткеней кейін жиілігі мен магнитудасының төмендеуі немесе жоғарылауы бойынша дүмпудің қайталану-қайталанбауын ықтимал болжап көрсетеді.

Дегенмен, жаңа технологиялардың дамуына ілесіп болашақта адамдар жерасты жыныстарының, алып материктік кесектердің қозғалысын үзіліссіз бақылай алатын жасанды жер серіктерін жасауға тырысып жатыр. Бұл құлшыныстар жүзеге асатын болса, миллиардтаған адамдардың болашағына өз септігін тигізбек.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

АҚШ-тың негізін салушылардың бірі Бенджамин Франклин «екі нәрседен құтылуға болмайды, ол – өлім мен салық» деп айтып кеткен. Ал қазақ халқы осы күні Бенджаминнің бұл сөзін үшінші ұғыммен толықтырар еді. Қазіргі қазақ қоғамы қашып құтыла алмай жүрген не десеңіз, бұл – несие. Ел арасындағы сөзді еске түсірсек: «қазақтар несие алғанда бір, несиені жапқанда екінші рет той жасайды» деп бекер айтылып жүрген жоқ. Шынымен, Қазақстанда инфляцияның жоғары деңгейі мен қаржылай сауаттылықтың төмен болуы халықтың банктерге тәуелді, несиеге жақын болуына әкелді.

Досбол
АТАЖАН

Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту мәселесіне Мемлекет басшысы да назар аударып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жайында қаңтар айының басында атап өткен болатын.

«Азаматтардың шамадан тыс несие алуы мені қатты алаңдатады, өйткені бұл мәселе адамдардың әлеуметтік әл-ауқатына және қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Президент ретіндегі алғашқы шешімдерімнің бірі – 2019 жылы қиын жағдайға тап болған азаматтардың қарызын кеірі туралы жарлық болды. Осылайша бір реттік акция ретінде 500 мың адамның кепілсіз несиелері кеірілген болатын. Одан кейін 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттық туралы Заңы күшіне енді. Өткен жылғы Жолдауымда мен Үкіметке негізінен азаматтардың қаржылық сауаттылығының төмендігімен байланысты жағдайды түбегейлі түзету үшін жаңа жүйелі шаралар қабылдауды тапсырдым», – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда, «Бірінші кредиттік бюро» өкілдері Алматыда баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, 2023 жылдың қорытындысы бойынша несие нарығының қандай күйде екенін таныстырды.

«Бірінші кредиттік бюро»:

НЕСИЕ НАРЫҒЫ

Ипотека азайды, автокредит көбейді



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Халықтың қарызы –
9,5 трлн теңгеАвтонесиелеу рекордтық
өсімді көрсетті

Жиын барысында «Бірінші кредиттік бюро» басшысы Руслан Омаров кепілсіз несие алатын адамдардың негізгі жас категориясына тоқталды.

«30–44 жас аралығындағы адамдар тұтынушылық мақсатта 4,203 млрд теңге көлемінде кепілсіз несие алған. Бұл кепілсіз несие алушылардың ең көп бөлігі. Ал 45–62 жас аралығында 2,531 млрд теңге, 23–29 жас аралығында 1,538 млрд теңге, 18–22 аралығындағы азаматтар 476 млрд теңге көлемінде несие алған. Яғни тұтынушылық несие алатын адамдардың негізгі жасы 30–44 аралығында», – деді ол.

Сондай-ақ, «Бірінші кредиттік бюроның» басшысы халықтың қарызы өткен жылы 30%-ға өскенін мәлімдеді.

«Жалпы кепілсіз несие көлемі 9,5 трлн теңгені құрады. Яғни адамдар бүгінгі күні банктерге 9,5 трлн теңге қарыз. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қарыз бір жыл ішінде 28,9%-ға (2,1 трлн теңге) өсті. 2023 жылы берілген кепілсіз орташа несие 284 мың теңге болды», – деді Руслан Омаров.

«Бірінші кредиттік бюро» дерегіне, 2023 жылы ипотека беру көлемі 17,3%-ға азайған. Ал ипотекаға беру саны 116,6 мың бірлікке дейін төмендеді. Сондай-ақ, бір жыл ішінде ипотека алғандардың шамамен бестен бір бөлігі жастар екені анықталды. 2023 жылы ипотека алушылардың 20%-ы 30 жасқа дейінгі азаматтар. Ал берілген ипотеканың орташа сомасы – 15 млн теңгені құрады. Бұл жерде қызықтысы, ипотекаға алынған ең қымбат үй 2,1 млрд теңге болған.

«БКБ» басшысы Руслан Омаров берілген ипотекалардың саны азайса, 2023 жылы көлікті несиеге алушылардың саны айтарлықтай өскенін атап өтті.

«Автонесиелеу өткен жылы рекордтық өсімді көрсетті. 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы берілген қарыздардың жалпы сомасы екі есеге жуық өсті. Дәлірек айтқанда – 81,5%-ға артты, яғни қазақстандықтар 708,5 млрд теңге көлемінде қарызға көлік алған. Жалпы автонесиеге халықтың қарызы – 1,6 трлн теңге. Бұрын-соңды болмаған жоғары қарқын, ең алдымен, қарыз

алушылардың белсенділігінің артуына байланысты болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша берілген несиелер саны 208,4 мың бірлікті құрады. Қазақстандықтарға берілген автокредиттің орташа көлемі – 7,5 млн теңге», – деді ол.

Микроқаржылық ұйымдардың
саны артып келеді

Баспасөз мәслихаты кезінде «айлыққа дейін қарыз беретін» микроқаржылық ұйымдардың бір жыл ішінде көбейгені айтылды. Руслан Омаровтың айтуынша, Payday loans (айлыққа дейін қарыз беру) бизнес-моделіндегі шағын несие беретін микроқаржылық ұйымдардың саны артып келеді.

«2021 жылы – 44, 2022 жылы – 59, 2023 жылы – 71, 2024 жылы – 79 ұйым тіркелді. Бұл әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай. Адамдарға берілетін қарыздың орта сомасы – 60 мың теңге болды. Жалпы бір жыл ішінде микроқаржылық ұйымдар тарапынан берілген қарыз көлемі бір жыл ішінде 102,6%-ға (400 млрд теңге) өсті», – деп атап өтті ол.

Сондай-ақ, «БКБ» басшысы микроқаржылық ұйымдардан қарыз алатын адамдардың негізгі жасы 40-қа дейін екенін мәлімдеді.

«Микроқаржылық ұйымдар тарапынан берілген қарыздың 72%-ы 40 жасқа дейінгі адамдарға берілген. 23 жасқа дейінгі азаматтар 133,2 млрд теңгеге, 23–30 жас аралығындағы азаматтар 208,2 млрд теңгеге, ал 31–40 жас аралығындағы қыз-жігіттер 225,7 млрд теңге көлемінде қарыз алған. Ал одан үлкен жас категориясында бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. 41–50 жастағы адамдар 114,3 млрд теңге және 51–60 жастағы адамдар 66,2 млрд теңге көлемінде қарыз алған», – деді Руслан Омаров.

Жалпы «Бірінші кредиттік бюро» басшысы елдегі қаржылай сауаттылықтың деңгейі кішкене көтерілгенін мәлімдеді. Оның айтуынша, 2023 жылы 828 мың отандасмыз «дербес несие есебін» алған. Яғни қазақстандықтар несие тарихына көңіл бөле бастаған. Сондай-ақ, қаржы саласының маманы жерлестерімізді «дербес несие есебін» жыл сайын тексеріп тұруға шақырды.

БРИФИНГ

ЖАҢА ЖҮЙЕ

Мобильді аударымды тексеру заңсыз кәсіпкерліктің алдын алады

Алматылық салық салушылар мобильді аударымдар туралы жиі қойылатын сұрақтарға жауап берді. Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Заңғар Шыңдалидің айтуынша, Мемлекеттік кірістер органдары қызмет көрсету үлгілерін жетілдіруде.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Бизнесті жүргізу үшін құқықтық сала аясында кәсіпкерлерге бизнес пен тұтынушы үшін де тиімді болуды көздейтін қолайлы жағдайлар жасалуда. Шағын бизнес үшін оңайлатылған салық режимі енгізілді және МКК арнайы мобильді қосымшасы e-Salyq Business жұмыс істейді. Оның көмегімен азаматтар онлайн-режимде 2-3 минут ішінде жеке кәсіпкер ретінде оңай тіркеле алады және кассалық аппарат сатып алудың қажеті жоқ, яғни чекті осы мобильді қосымша арқылы беруге болады, сондай-ақ мобильді қосымша арқылы салықты төлеу мүмкіндігі бар, ал салық есептілігін ұсынудың қажеті жоқ. Егер екі ай ішінде қызмет тоқтатылған жағдайда салық органы тіркеуден шығарады. Ал салық мөлшері айналымның 1 пайызын құрайды», – дейді спикер.

Басқа да жеңілдетілген салық режимдері бар: Оңайлатылған режимде 3% салық, мысалға, 10 000 теңгеден 300 теңге салық төленеді. Салық төлеуші бөлшек салықтың арнайы салық режимін қолданған кезде ҚҚС бойынша тіркелу шегі 2,2 млрд теңгеге дейін, ал қызметкерлер саны 200 адамға дейін көтеріледі, жалпы салық ставкасы 2–4% құрайды. Бұл режим жеке кәсіпкерлер үшін де, заңды тұлғалар үшін де 350-ден астам қызмет түріне қолданылады.

Спикер қазір салық міндеттемелерін адал орындау әлдеқайда тиімді екенін атап өтті. Сондай-ақ, бақылау шаралары адал салық төлеушілерге әсер етпейтінін еске салды.

«Салық органдары қолжетімді қызметтердің артықшылығын түсіндіреді және салық төлеушілерге бірден айыппұл салмайды. Бұзушылықтар жасалса да, бірінші рет ескерту беріледі», – деп атап өтті Заңғар Шыңдали.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АҚПАРАТТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК

пайдалы ма, зиян ба?

Ернұр
РЫСБАЙ

Әлеуметтік желілерде бай болуды үйрететіндердің жарнамасы толып тұр. Үйде жатып ештеңе жасамай ақша табысын деп уәде береді. Үйден шықпай табыс табуға бола ма? Бұл сұраққа Коучтар «иә» деп жауап береді. Коуч деп отырғаным, сізге ақша табуды үйрететін адам-мыс. Кәсіпкерліктің күннен-күнге қарқын алып жатқан бір түрі. Қарапайым кәсіптен өзгешілігі – ақша табуды үйрету арқылы ақша табу. Кәсіпкерліктің бұл түрі ақпараттық өнімдерді онлайн сату. Мәселен, тәжірибемен бөлісу, практикалық кеңестер, статистикалық зерттеулер, сарапшылық ұсыныстар, білім беру. Ақпараттық бизнесте тұтынушыға білім берудің әртүрлі әдістері бар. Алайда, көпті мазапп жүрген бір сұрақ бар. Бір кездері қаржы пирамидаларына кіріп, қарызға белшесінен батқан халық тағы алданып қалмасына кім кепіл?

Дияс
РАХИМЖАНОВ,
инфобизнесмен:Жалақысы
жоғары
жұмыс

Жалпы инфобизнесе жүргеніме үш жылға жуық уақыт болды. Жиырма төрт жастамын. Ағылшын тілін, IT саласын меңгеруге көмектесемін. Сонымен қатар, бүкіл әлем қолданатын дүкендерде сауда жасауды үйретемін. Негізгі мамандығым – электрик. Алайда, жалақысы жоғары жұмыс болмады. Сондықтан ақпараттық кәсіпкерлікпен айналысуды құп көрдім.

Қазір әлеуметтік желі дамыған заман. Үйренемін, жасаймын деп тұрған адам көп. Алғашқыда ешкім бұл салаға сенген жоқ. Өзім тәуекел етіп қаражат жинадым. Жиналған ақшаға тәжірибелі эксперттің сабағын сатып алдым. Ағылшын тілін үйрететін орталық ашамын деп шештім. Тілді жақсы меңгерген, деңгейлері жоғары мұғалімдерді жұмысқа алдым. Оларға үйде отырып, күніне үш-төрт сағатын жұмсап ақша табу ыңғайлы болды. Менің білім орталығым мектеп жасындағы балаларға арналды. Шетелдік онлайн білім беру жүйесімен үйреттік. Бізде білім алған тұлғалар ағылшын тілін білгенінің арқасында Еуропа елдеріне грантка түсті. Бір жағынан табыс таптым, екінші жағынан адамдарға көмектестім. Қазіргі таңда қаражат

табуға болатын мүмкіндік өте көп. Тек ізденіс пен еңбекті қатар алып жүргендер жетістікке жетеді.

Әлімжан
ЖОЛДАСБАЕВ,
қала тұрғыны:Адал жолмен
ақша
тапқанға
не жетсін?

Мен үшінші курста оқитын қарапайым студентпін. Жасым он тоғызда. Осыдан бірнеше ай бұрын басымнан өткен оқиғаны айтып берейін. Instagram желісінен ерекше жарнама көріп қалдым. Небәрі екі аптаның ішінде мың доллар табуға болады деген сөзі қызықтырды. Тәуекелге бел буып, үйренемін деп шешім қабылдадым. Сөйлесе келсем, курстың бағасы қымбат екен. Бөліп төлем жасау ыңғайлы болды. Келісім-шартқа отырамыз деген соң еш қорқыныш болмады. Алайда, төлем жасаған соң менімен байланысқа шығуын тоқтатты. Қанша хабарласқаныммен ештеңе шықпады. Сол сәтте жай отыруға болмай-тынын түсіндім. Аз ақша болмаған соң арыз жазуды ұйғардым. Мен ойлағаннан да тез тапты. Мен сияқты алданғандар саны жүзге жуық екен. Ақшамды толықтай қайтарды. Енді әр қадамымды аңдап басатын болдым. Меніңше, оңай ақша болмайды. Қандай жағдай болсын, адал жолмен ақша тапқанға не жетсін.



АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Астанада Ұлттық құрылтай жұмыс секцияларының отырыстары өтті.

Қазіргі таңда көктемде өтетін Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысына дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтай жұмысының негізгі бағыттары жөнінде Президенттің қаңтар айында «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында айтылғанын атап өтті. Спикер осы консультативтік-кеңесші органның қызметі аясында Мемлекет басшысы көтерген бастамалардың жүзеге асырылу барысына қысқаша тоқталды.

Мемлекеттік кеңесші заң мен тәртіп қағидаттарын бекіту және ілгерілету жұмыстарының қоғамдық маңызы зор екеніне назар аударды. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау, Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы заң жобасын әзірлеу, Парламент Мәжілісінің вейптерді елімізге әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу туралы заң жобасын қабылдауы осы бағыттағы ауқымды жұмыстардың аясына кіреді.

Шара барысында «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым», сондай-ақ «Әлеуметтік-экономикалық даму» секцияларының жұмыс отырыстары өтті. Секциялар жұмысында мемлекеттік органдар Ұлттық құрылтай мүшелерінің бұған дейін айтқан ұсыныстарына орай пікір білдірді. Сондай-ақ, қоғамның бірлігін нығайтуға, қоғамдық тәртіп пен заңдылықтың сақталуына, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жаңа ұсыныстар талқыланды. Алдағы уақытта Ұлттық құрылтай хатшылығы жиын барысында көтерілген бастамаларды жинақтап, мұқият зерделейді.

Ұлттық құрылтай мүшелерімен кездесу-

Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы қарсаңында:

ЖАҢА ҰСЫНЫСТАР

талқыланды



де білім жүйесін дамыту мәселелері талқыланды. Жиынның негізгі тақырыптарының бірі – еліміздегі білім беру мен тәрбие жұмыстарын дамыту перспективалары. Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев Мемлекет басшысының Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында берген тапсырмаларының іске асырылу барысын баяндады. Шараға қатысушылар отандық білім сапасын арттыруға және қазіргі қоғамдағы тәрбиенің рөліне қатысты ұсыныстарды қарап, өздерін толғандырған өзекті сұрақтарға жауап алды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фани БЕЙСЕМБАЕВ,
ҚР Оқу-ағарту министрі:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» қабылданды

Білім жүйесінде өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінеді. Өткен жылы министрлік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бірыңғай тұжырымдамасын қабылдады. Мемлекеттік органдарды тәрбиенің рөлі мен маңызын арттыруға жұмылдыру жұмыстары жүргізілді. Барлық мектептерде «ата-ана – бала – педагог» ұшжақты одағын нығайту үшін педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс істеді. Балалар мен жасөспірімдер, еріктілер ұйымдарының, сондай-ақ мәдени-демалыс орталықтарының, оның ішінде балалар кітапханаларының жұмысы толығымен қайта қаралды.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІР ОРТАҒА
ЖҰМЫЛДЫРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жолы

Қоғамға терең тамыр жайып кеткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жаңа ізденіс пен тегеурінді қажет етуде. 26 қаңтар күні Алматыда өткен ауқымды жиында осы мәселе тереңдей талқыланды.



Естай
БОЖАН

Үстел басына жиналған әр сала мамандары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті нәтижелі жүргізуде жастар мен қоғамдық ұйымдардың басын біріктіру керек екенін алға тартты.

Аталған жиынды «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» атты республикалық қоғамдық бірлестік ұйымдастырған болатын. Бірлестіктің Алматыдағы филиалы өткізген жиын тақырыбы да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамдық және жастар ұйымдарын біріктіру» деп аталды.

Алматыдағы «Тұран» универ-

ситетінде өткен жиынға мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, кәсіби мамандары, білім беру орындары мен бірқатар ЖОО өкілдері, қоғамдық және жастар ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Бұдан бөлек, тақырыпқа қызығушылық танытқан өзге де қоғам өкілдері мен мүдделі тұлғалар да болды.

Жиын барысында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, сала мамандары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің тиімді әдістерін, отандық және шетелдік жаңа тәжірибелерді ортаға салды. Сонымен қатар, қоғамдық және жастар ұйымдарын жемқорлыққа қарсы күрес шебіне біріктірудің ең тиімді әдіс екенін атап өтті.

КЕЗДЕСУЛЕР КЕСТЕСІ

Алматы қаласы әкімінің халықпен 2024 жылға арналған тұрақты кездесулерінің күнтізбесі

31 қаңтар сәрсенбі	8 ақпан бейсенбі	15 ақпан бейсенбі	22 ақпан бейсенбі	29 ақпан бейсенбі	14 наурыз бейсенбі	28 наурыз бейсенбі
Алмалы ауданы	Медеу ауданы	Әуезов ауданы	Бостандық ауданы	Наурызбай ауданы	Алатау ауданы	Жетісу ауданы
11 шілде бейсенбі	18 шілде бейсенбі	25 шілде бейсенбі	8 тамыз бейсенбі	22 тамыз бейсенбі	5 қыркүйек бейсенбі	12 қыркүйек бейсенбі
Әуезов ауданы	Алатау ауданы	Наурызбай ауданы	Жетісу ауданы	Медеу ауданы	Бостандық ауданы	Түркісіб ауданы
						Алмалы ауданы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес жылдық күнтізбе ішкімді болып табылады, қажет болған жағдайда түзетуге жол беріледі.

Толық ақпаратты Алматы әкімдігінің сайтынан ала аласыздар.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ЖАСТАР ҮШІН ТИІМДІ ПЛАТФОРМА

Быттыр Алматыда 30 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті

Жуырда Apanat партиясы мен Алматы қаласының Еңбек ұтқырлығы орталығы ұйымдастырған «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өтті. Оған 20 жұмыс беруші компания мен 120 жұмыс іздеуші қатысты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жәрмеңке барысында жастар Eпbek.kz экожүйесімен танысып, жұмыс табумен қатар, жаңа дағдылар мен мамандықтарды үйренеді, жұмыспен қамту бағдарламалары туралы толыққанды ақпараттанып, «Бизнес бастау» жобасы бойынша білім алады.

Бос орындар жәрмеңкесін өткізудегі мақсат – жалпы білім беретін мектептердің, орта кәсіптік білім беру мекемелерінің түлектеріне және жұмыссыз жастарға еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беру, соны-

мен қатар, қолайлы мамандықты тандауда тәжірибелік көмек көрсету.

Быттыр осындай 30 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткен болатын. Онда бас-аяғы 27 761 жұмыс іздеуші және 1467 жұмыс беруші қатысты. Барлығы 11 376 бос жұмыс орны ұсынылды. Нәтижесінде 1398 адам жұмысқа орналастырылып, көбі курстардан, тәжірибеден және қоғамдық жұмыстардан өтуге жіберілді.

«Бос орындар жәрмеңкесін өткізу жұмыссыз азаматтар мен жұмыс іздеп жүрген азаматтарға жұмыс берушілермен тікелей кездесуге және байланыс жасауға

және жұмысқа орналасу мәселесін жедел шешуге мүмкіндік береді», – деді Алматы қаласы Еңбек ұтқырлығы орталығы директорының міндетін атқарушы Асланбек Қуанышов.

АТУ университетінің студенті Диастың айтуынша, жәрмеңке карьера туралы ойлайтындар үшін жұмыс табуға жақсы мүмкіндік.

«Сондықтан мен өткізілетін іс-шаралардан хабардар болу, қызықты жобаларға қатысу мүмкіндігін өткізіп алмау және өзіме лайықты жұмыс табу үшін әрқашан Еңбек ұтқырлығы орталығының әлеуметтік желілерін қадағалап отырамын», – дейді жас жігіт.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкелері туралы толық ақпаратты ctm-almaty.kz сайтынан және Алматы қаласы Еңбек ұтқырлығы орталығының Instagram-дағы ctm_almaty аккаунтынан табуға болады.



ТАҒЫМ

ҰЛЫ КӨШБАСШЫ

Мұстафа Кемал Ататүрікке ескерткіш ашылды

Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласының әкімдігі ескерткішті Мұстафа Кемалдың құрметіне өткен жылы ашылған «Ататүрік скверінде» орнатты.

Ескерткіштің ашылу салтанатына Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Түркия Республикасының Қазақстандағы Елшісі Мұстафа Капуджу, ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, сондай-ақ түрік диаспорасы мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Салтанатты жиынды ашқан министр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ескерткіш орнату туралы тапсырманы Түркия Республикасының 100 жылдығына орай Режеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға сапары кезінде бергенін атап өтті.

«Түбі бір, тарихы тамырлас Түрік елі біз үшін кеше де, бүгін де тілегі ортақ, мақсаты бір бауырлас мемлекет. Мемлекет басшыларының арқасында осы күндері біздің елдер арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтеріліп, қазіргі таңда барлық салалар қарқынды дамып келеді. Әсіресе, бауырлас екі ел арасындағы ынтымақтастықтың алтын көпірі болған мәдени байланысымыз зор. Бұл ретте Түркия тарихында өшпес із қалдырған қазіргі түрік мемлекетінің негізін қалаушы тұлғаға ерекше мән беріледі. Ол жүзеге асырған мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларымен заманауи қоғамның құрылуына баға жетпес үлес қосты. Мемлекеттің дамуына негіз болатын реформалар күні бүгінге дейін жалғасып келеді», – деген Аида Балаева ескерткіш Түркияның тарихи мұрасын құрметтеуді ғана емес, екі елдің достығы мен ынтымақтастығын да бейнелейтінін атап өтті.

Ескерткіштің маңыздылығы жайында Түркия Республикасының Қазақстандағы Елшісі Мұстафа Капуджу да айта кетті.

«Мұстафа Кемал Ататүрік әлем құрметтейтін көшбасшы. Ұлы бабамыздың идеялары мен көшбасшылығы әлі де бүкіл әлем халқын шабыттандыруда. Бүгінгі іс-шара тек ескерткіштің ашылу салтанаты ғана емес, екі ел арасындағы достықтың, ынтымақтастықтың және бауырлас-тықтың нышаны болмақ. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті, құрметті Қасым-Жомарт Тоқаевқа Түркия елінің 100 жылдығына тарту еткен бұл сыйлығына алғысымызды білдіреміз», – деді Мұстафа Капуджу.

Биіктігі 3 метрден тұратын қола ескерткіштің тұғыры граниттен жасалған. Ескерткіштің авторлары қазақстандық мүсіншілер – Айдос Бүркітбаев пен Тимур Ермұхаметов.

ЗЕРДЕ

«Өмір жолы»:

БАТЫРЛАРҒА ТАҒЫМ

Санкт-Петербуркте қаланың фашистік блокададан толық азат етілуінің 80 жылдығына арналған еске алу шаралары өтті



Шараға Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшісі Дәурен Абаев қатысты.

Қазақстан Нева бойындағы қаланы қорғауға және азат етуге елеулі үлес қосқаны тарихтан белгілі. Республикада жасақталған әскери бөлімдердің үштен бірі осы жерде соғысты. Олардың ішінде 310-шы және 314-ші атқыштар дивизиялары бар. Әйгілі Киров крейсерінің экипажында қазақстандық 156 адам болды. Жерлестеріміз Ленинград облысындағы партизан отрядтарында ерлікпен шайқасты. Қоршауда қалған қалаға

Қазақстаннан азық-түлік пен жылы киім жөнелтілді. Республика эвакуацияланған ондаған мың ленинградтықтардың екінші үйіне айналды.

Қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаев Ленинград қоршауын өзінің шығармашылығына қосып, қаланы қорғаушылар мен тұрғындарды рухты, жалынды жырымен жігерлендіріп, оларды жеңіске қайраттандырғаны белгілі. Баба ескерткішіне гүл шоқтарын қоя отырып, Дәурен Абаев жыр алыбының «Ленинградтық өренім!» өлеңі 1941 жылдың күзінде ең қиын кезеңде қала тұрғындарын қалай шабыттандырғанын еске алды.

Ал тағы бір даңқты қызымыз, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова 1941-1942 жылдардағы Ленинградтағы сұрапыл блокада қысынан аман шықты. «Әлия шексіз сүйген қаладағы ескерткіш

оның қаһармандық өткені мен бүгінгі айғақтап, ортақ тарихымыз бен бауырлас-тық қарым-қатынасымыздың тағы бір символына айналып отыр. Жеңіс жолындағы аға ұрпақ ерлігін есте сақтау және қастерлеу, оны келешек ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті борышымыз», – деді Дәурен Абаев қазақтың батыр қызының ескерткішіне гүл қою рәсімінде.

Елші шара аясында Пискарев мемориалдық зиратына гүл шоқтарын қойды, Ленинград облысының Гатчина ауданында Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан КСРО бейбіт тұрғындарына арналған мемориалдың ашылуына қатысты, «Газпром Арена» кешенінде өткен концерт-реквиемді тамашалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.kazembassy.ru).

ҰЖЫМ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, 2024 жылғы 1 наурыз – Алғыс айту күні, жаңа «Бірлік ансамблі» атты ән-би ұжымының тұсаукесер-концерті өтеді.

ҚАЗАҚСТАН мен ТМД

елдері тарихында тұңғыш рет көпұлтты ән мен би ансамблі құрылды

Шығармашылық ұжым Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының жанынан жанды аспаптық сүйемелдеумен әлем халықтарының билерін зерделейтін және кәсіби деңгейде орындайтын халықаралық ұжымды қалыптастыру, өскелең ұрпақты басқа ұлттардың өнерімен, мәдениетімен таныстыру, сондай-ақ қоғам санасында мәдени код ретінде көп ұлтты Қазақстан халқының бірлігін нығайту мақсатында құрылған.

«Бірлік ансамблін» құру бойынша жұмыс аясында кастинг өткізіліп, әр алуан ұлт өкілдері мен мультиинструменталистер арасынан 20 үздік биші мен музыкант таңдалған. 1 наурыз күні көпшілік және жеке хореографиялық шығармалар, аспаптық және вокалдық нөмірлер орындалмақ. Би нөмірлерін және бірегей би композицияларын қою мақсатында бірлескен жұмыс пен тәжірибе алмасу үшін көрнекті шетелдік хореографтар, Ресей, Татарстан, Өзбекстан және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері шақырылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида БАЛАЕВА,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БРЕНДИНЕ АЙНАЛАДЫ

Өз ісіне, өнеріне жан-тәнімен берілген дарынды әртістердің арқасында біздің бай мәдениетіміз бен тарихымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықаралық арена-ларда айқын көрініске ие. Бүгінде елімізде 25 ансамбль жұмыс істейді.

Қазақстан мен ТМД елдері тарихында тұңғыш рет көпұлтты ән мен би ансамблін құрдық. Ұжымның бірегей репертуары қазақ халқының тарихымен және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуымен тығыз байланысты 130 этностың музыкалық мұрасы мен өнерін қамтиды. Ансамбльдің тұсаукесері Алғыс айту күніне орайластырылған. Ансамбль әртүрлі халықтарды біріктіретін бірлік пен үйлесімнің нышанына және Қазақстанның брендіне айналатынына сенімдімін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

«ҚАЗАҚТЫҢ МОЦАРТЫ»

атанған алматылық талантты композитор
Рахат-Би Әбдісағиннің жаңа операсының әлемдік премьералары
Ұлыбританияның 4 қаласында өтеді



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

Он үш жасынан танымал болып, кесек шығармалар жаза бастаған Рахат-Би Төлегенұлы қазір өнердің ең биік шыңына көтерілді. Шығармашылығы пісіп-жетілген, кемеліне келген өнер иесі атанды. Тынымсыз еңбегі мен жан-жақты ізденісінің арқасында оның есімі әлемдегі ең мықты музыканттармен қатар аталады. Қазіргі таңда Рахат-Би Әбдісағин мәртебелі өнер сахналарында өз шығармаларын орындап, көрерменнің көз қуанышына айналды. Оның шығармалары тек өз елімізде ғана емес, бізге беймәлім шетелдің тыңдармандарына да қуаныш сыйлап жүр.

Иә, әлемдік өнер шеберлерінен жоғары баға алып, «Қазақ Моцарты» деп атанған Рахат-Би Әбдісағиннің шығармашылығы шет мемлекеттерге де кеңінен танылды. Қазір дарынды жастың шығармалары Еуропа, Азия және Америка елдерінде кеңінен орындалып жүр. Жеке роуль партиясын көбінесе автордың өзі орындайды. Талғампаз Германия тыңдармандары оның өнеріне жоғары баға беріп, Рахат-Бидің орындауындағы классикалық фортепиано репертуарынан бірқатар CD-дискілерін шығарды.

РАХАТ-БИДІҢ ЖАҢА БИГІ

Биылғы жыл да Рахат-Би үшін жемісті болып басталып отыр. Философия докторы, композитор және пианист Рахат-Би Әбдісағин 17 ақпанда Глазго соборында, 21 ақпанда Эдинбургтегі Әулие Джайлс соборында, Сент-Эндрюс университетінде, Әулие Сальватор капелласында өзінің «Брюс» сағаттық операсын қояды. Сонымен қатар, 24 ақпан және 3 наурызда Данфермлин абаттығында концерті өтеді.

Рахат-Би «Брюсты» сипаттай отырып, «бостандық пен ізгілік, тұлға мен билік, күрес пен төзімділік, тоқтаусыз табандылық пен қайтпас ерік, жеңіс пен тағдыр» туралы баяндайды.

— Бұл бір адамның тарихты қалай жасай алатындығы, бір шешімнің бүкіл халықтың өмірін қалай түбегейлі өзгерте алатындығы туралы әңгімелейді, — дейді Рахат-Би.



Шындығында, бұл шығарма собор операсы. Ол собордың акустикасында орындауға арналған жаңа жанр. Актерлер құрамына Роберт Брюс (тенор), әншілер ансамблі және орган кіреді. Операға опера әншілері мен ӨҮК дирижерлері қатысады. Әр сахнада Рахат-Би органда ойнайды. Сондай-ақ, Роберт Брюс рөлін магистрант Альфред Митчелл сомдамақшы.

Жаңа шығарма жаңашылдығымен де ерекшеленеді. Опера Глазго университетінің шотланд әдебиеті профессоры, ақын Алан Риахтың жанды оқуы үшін он минуттық орган увертюрасымен ашылатын болады. Оны Люси Каллен мен Хью Цей жүргізеді. Жалпы, «Брюс» RCS және Сент-Эндрюс университеттеріндегі Рахат-Бидің докторлық зерттеуінің бөлігі ретінде жазылған. Либретто шамамен 1375 жылы Джон Барбурдың ерте шотланд тілінде жазған ортағасырлық «Брюс» баяндау поэмасының үзінділеріне негізделген.

— Мен осы жылдар ішінде тарихи контексті, сондай-ақ ерте шотландтардың айтылуын анықтау және зерттеу үшін жетекші лингвистермен және тарихшылармен жұмыс істедім. Қунарлығы, біз мәтінді метафоралық және тікелей транс-

крипциялау бойынша айтарлықтай еңбек еттік. Опера күрделі, көп дауысты (полифониялық) музыка дәстүріне құрмет көрсете отырып, шешуші тарихи оқиғалардың мәңгілігін қазіргі композициялық техниканың көп өлшемді аспектілерімен біріктіріп, өткен мен болашақ арасында музыкалық көпір жасайды, — дейді Рахат-Би Әбдісағин.

Рахат-Би либретто және тарихи контекст бойынша академиктер Дауит Браун, Майкл Браун, Тео Ван Хейнсберген, Мартин Макгрегор, Рианнон Перди, Джейми Рид-Бакстер және Алан Риахпен, органдар партиясы және ресімдеу жөнінен танымал органшылар Мэттью Битшен, Эндрю Форбс, Майкл Харрис, Людгер Ломанн және Ғабит Несіпбаевпен кенескен көрінеді.

Қазіргі таңда Рахат-Би ғылыми зерттеулермен де кеңінен айналысып, табысты еңбек етуде. Өткен жылы Ұлыбританиядағы ғылыми қоғамдастықтың шақыруымен Оксфорд пен Кембриджде болды. Оксфорд университетінің Вулфсон колледжінде Рахат-Би әлем физиктерінің ғылыми семинарында баяндама жасап, ғалымдар тарапынан жоғары баға алды. Дарынды жас Оксфордқа зерттеуші ретінде шақырту алды.

Рахат-Би Әбдісағин дәл қазір 150-ден астам музыкалық шығармалардың, соның ішінде ауқымды симфониялардың авторы. Оның музыкасы Еуропаның, Азияның және Американың әйгілі концерт залдарында орындалып, жеке авторлық концерттер берді. Неміс өнертанушылары Рахат-Би шығармалары туралы «Рахат-Би музыкасында ерекше құрылым мен математикалық дәлдік бар, сонымен бірге ол поэзия мен құмарлыққа толы» деп баға берген еді. Германияда (Kreuzberg records, 2021–2023) оның үш фортепиано CD-дискілері жарық көрді. Біз білетін Рахат-Би 10 жасында кәсіби композиторлар мақтана алатындай музыка жазып, 13 жасында КНХ студенті атанды.

Сонымен қатар, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда оқып, 17 жасында ҚазҰОУ магистранты болып, МГК-да тағылымдамадан өтті. Дарынды музыкант өнер шеберлерінің шыңдалу мектебі, П.И.Чайковский атындағы кон-

серваторияда 18 жасында магистрлік диссертациясын қорғады. Бір басына бірнеше өнер қонған Рахат-Би 20 жасында Италияның ең беделді үш жоғары оқу орнының post-graduate бітірді. 12 жасында өзінің алғашқы «Гармония қырлары» жинағын, 14 жасында «Математика және қазіргі заманғы Музыка» атты еңбегін жазды.

Қазақ, орыс, ағылшын, итальян тілдерін еркін меңгерген. Рахат-Би 13 жасынан бастап мәдениет және өнер мәселелері бойынша дәрістер оқи бастады. 2013 жылдан бастап Impuls академияларының тұрақты мүшесі (Грац), ICTM 2015-тің ең жас оқытушысы, ISA стипендиаты (Мюрцшлаг, 2015), KlangZeitMünster 2016, Sermoneta 2017.

Verlag Neue Musik Berlin баспасы (Германия, 2022) өзінің жеке симфониялық оркестрінің әр аспабына жазылған шығармаларды қамтитын «таңдалған жеке шығармалар» (Sammelband) арнайы жинағын шығарды. Оған дейін мұндай ауқымды жобаны тек ұлы итальяндық композитор Luciano Berio (1925–2003) жүзеге асырған еді. Талантты жас 2019 жылдан бастап — «New Music Generation» халықаралық композиторлар байқауының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және қазылар алқасының төрағасы.

— Менің бойымда әрқашан музыкаға деген құштарлықтың болғанын білемін. Бірақ менің академиялық, нақты мағынадағы алғашқы қадамдарым музыкада 8-9 жасымда пайда болды. Сол кезде мен ең алғашқы музыкалық шығармаларымды жаза бастадым. Осылайша мен композициямен айналыса бастадым. Содан бері музыка менің өзімді білдіру тіліне айналды, бұл менің дүниетанымым мен көзқарасымды білдіре алатын ең тамаша тілге айналды, — дейді Рахат-Би Төлегенұлы.

Рая
ЕСКЕНДІР.



ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ – 120



Суреттерді түсірген Самат СЕРКБАЙҰЛЫ.

Дала мәдениетінің мәйегі

Сурет салуды «ешкінің мүйізінен, апасының киізінен, бұлақтың сылдырынан» үйренген қылқалам шебері туралы бірер сөз

«Әбілхан Қастеев» десе, оның есім-сойын өнерден алыс адамдар да, тіпті бала да біледі. Биыл Қазақстанның Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің туғанына – 120 жыл. Қазақ бейнелеу өнеріне өшпестей із қалдырған шеберден көзі тірісінде «сурет салуды кімнен үйрендініз?» деп сұрағанда, «Ешкінің мүйізінен, апамның киізінен, бұлақтың сылдырынан үйрендім» деп жауап берген екен.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ТАҒДЫРЛЫ БАЛА

Ә.Қастеев үш жасында әкесінен айырылады. Анасы мен өзінен кейінгі іні-қарындас-тарына қорған болу үшін бұғанасы бекімей жатып қара жұмысқа ерте араласты. Ауылда есік көзінде жүрген жалшы да болды, мал да бақты. Мандайына қиғаш ізін салған тағдырына қасқая қарсы тұрып, мойымай, құламай, шынашақтап күнінен-ақ ағысқа қарсы жүзуді үйренді. Қой соңында салпақтаған қара баланың суретшілік дарыны осы сәтте қылаң бере бастаған. Ұзақ күндерін жайылымда, табиғатпен жалғыз өткізетін болғандықтан, әк тастан түрлі мүсіндерді ойып, саздан қолөнер бұйымдарын жасайды екен. Суретшінің қызы Гүлдәрия Қастееваның естелігіне сүйенсек, әкесі жас күнінде ағаштан мүсін жоннып, тіпті сырға, сақиналар жасайды екен. Ауылдың қыздары оны кешке өрістен күтіп алып, әшекей бұйымдар жасап беруді қиылып сұрайтын көрінеді.

Қатал тұрмыс қабырғасын талай қақыратса да, қылқаламынан қол үзбеген қара бала қазақ бейнелеу өнерінің қара нарына айналып шыға келді. Бірақ сол жолда талай «тар жол, тайғақ кешуден» өтті.

Алғашқы еңбек жолы Түркісіб темір жолының құрылысында басталған. Бір күні демалыс уақытында Қастеев тасқа Лениннің суретін салған екен. Оны бастықтардың бірі көріп, суреттің авторын көрсетуді сұраған көрінеді. Сөйтіп, көзге ілінген дарынды ауыл баласын Алматыға оқуға жіберу керек деп шешеді.

Мектеп директоры Әбілханның басқа пәндерге қарағанда бейнелеу сабағын көбірек жақсы көретінін байқап жүреді екен. Содан оны жас суретші Николай Хлудовқа апарды. Хлудов студиясына қабылдайды. Сөйтіп, Қастеев сол кездегі Жетісудағы ең танымал суретшінің тәлімін алады.



Өнердегі жолын шыңдау үшін досы Әубәкір Исмаиловпен бірге Мәскеудің өнер училищесіне аттанады. Досы екеуі туған жерден жырақта жүріп ақшадан қатты қысылады. Қастеев оқудан тыс кезде ылғи Мәскеу мұражайларын, галереяларды аралап, советтік және шетелдік көрмелерге барып жүреді екен. Соның әсері де тиген болар, ол бірнеше картина салып, «Шығыс мұражайына» сатуға ұсынады. Онда Қастеевтің жұмыстарын қуана қабылдайды. Суретші «әйтеуір қарызымыздан құтылсақ болды» деп тым арзанға ұсынғанымен, сатып алушылар туындының кереметтігін бағалап, оған құнын екі есе қылып төлеген көрінеді. Қастеев сол күні-ақ келіп жатақханадағы барлық қарызын төлеп тастаған деседі.

ӘЙЕЛІ КҮЙЕУІНЕ СӘЛЕМ САЛҒАН

Мәскеуде жүрген кезінде Әбілхан Қастеев қатты сырқаттанып қалып, елге қайтады. Басын көтеріп, тәуір болған соң, отбасына азық табайын деп, күнкөріс қамымен ауылдастарымен бірге қауіпті сапарға – Қытай асуына аттанады. Өзіміздің шекарашылар ауыл тұрғындарының мүшкіл халін біліп, шекарадан өткізе беретін болған, ал қытайлықтардың өздеріне кіргізгісі жоқ. Қастеев пен оның достары қытайлық жандармдар «контрабандистер» деп түрмеге жауып тастайды. Онда олар күні-түні жұмысқа жегілген, сылдыр су мен бір тілім нанды қорек еткен. Қастеев қатты науқастанып, жатып қалған. Әйтеуір жолын тауып түрмеден қашып шығады, бірақ баратын жері болмаған. Сонда базарда қауын-қарбыз сататын бейтаныс шал жаны ашып, қасына алып, қарбызбен азықтандыра берген екен. Кейін басын көтерген соң, оны туыстары іздесе тауып

алар деген үмітпен, күнде базарға ертіп апаратын болыпты. Шынында да, Қастеевті ары-бері қатынап жүрген туыстары тауып алып, шекара асырып әкеледі.

Әбілхан Қастеев арып-ашып, денесіне сүйегі ғана ілініп есігінің алдына таяғанда, мұны көрген жары Сақыш танымай, көзі шүңірейген кәрі қария келіп тұр деп, қазақы салтпен оған құрметпен иіліп салған екен. Әбілхан Қастеев оған күйеуі екенін айтқанда, жұбайы еңкілдеп жылап жіберіпті.

Қастеев дүние қумаған кісі болыпты. Суретшінің 1940 жылдың аяғына дейін жеке баспанасы да болмаған. Кейін үлкен отбасы бұрын Мұхтар Әуезов тұрған кішігірім пәтерге көшіп келеді. Бірақ ол жерде Қастеев шығармашылықпен айналыса алмайды. Ал 50-жылдары Қазақстанға деректі фильм түсіруге шетелдік топ келгенде, атақты суретшінің де үйін көргісі келеді. Арнайы түсірілім үшін әлгі пәтерге жиһаз бен кілемдер әкелініп, ал артынан әкелгендерін бәрін өздерімен қайта көтеріп кеткен. Кейін 1950 жылдың соңында ҚазКСР Министрлер кеңесінің төрағасы Д.Қонаевтың өкімімен суретшінің отбасына үй тұрғызылады.

ОШАҚТЫҢ ЖЫЛУЫ

Жуырда халық суретшінің атын иеленген ҚР Мемлекеттік өнер музейінде мерейтойлық «Әбілхан Қастеев. Ғасыр мұрасы» атты көрме ашылды. Онда суретші шығармашылығы эволюциясының ретроспективасы



ұсынылды. Айтпақшы, Ә.Қастеевтің алғашқы жеке көрмесі сонау 1942 жылы Алматыда өткен. Онда суретшінің 143 туындысы қойылды. Ал бұл экспозицияға аталған музей коллекциясынан 300-ден астам көркем және графикалық туынды кірген.

Көрменің ашылу салтанатында Мәдениет және ақпарат министрінің кеңесшісі Асқар Бөрібаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Ә.Қастеевтің ұлы Нұртас Әбілханұлы, Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн мектебінің директоры Рамазан Тұңғышбаев сөз сөйледі. Суретшінің қыздары Гүлдәрия мен Гүлназия Қастеевалар, немерелері Дәурен мен Сауран суретшінің өмірбаянына естеліктер айтты.

Қастеев өмірінде сөзге сараң болған кісі деседі. Оның тілі бояу болған. Мамандар Ә.Қастеев жасаған кескіндемелік және графикалық туындыларды Кеңестік Қазақстанның көркем шежіресі деп бағалаған. Жазылмаған дала заңын бойына терең сіңіріп, көшпелілер мәдениетінің қайнар бұлағынан қанып ішіп өскен ол жан сырын, көрген-түйгенін кенеп бетіне майлы бояумен бедерлеген суретші. Қастеевтің өнерді сүйетін жүректерге бірден жол таба кететін ұлттық реңктегі «Қымызшылар», «Қымыз аштықан әйел», «Сатып алынған қалыңдық», «Шопан», «Бие сауу», «Колхоз тойы», «Бүркітші», «Жайлаудағы табын» секілді картиналары қазақы дала тұрмысын, бақуатты елдің тіршілік ырғағын қаз-қалпында суреттеген. Осынау қарапайым тақырыптарды кенеп бетіне түсіру

арқылы уақыттың тамырын дөп басып, сол заманның көңіл күйін дәл бере білген. Иә, сан бояуы мың құбылған қай картинасы болсын, қазаны оттан түспеген қазақы ауылдардың берекелі, мерекелі өмірі, яғни дала мәдениетінің мәйегі қалқып шыға келеді. Кенеп бетіндегі абыз ақсақал да, ақ кимешек киген әже де, мал қайырған әке де, құрт жайып жүрген мейірімді ана да, қозы-лақпен ойнаған бала да жанға жылу сыйлайтындай. Бұл жөнінде замандас қаламдастарының естеліктерінде «Қастеевтің туындыларын тамашалау барысында бүкіл қазақ халқының тарихымен танысып, иен даласын жаяу аралап шыққандай боласын» делінеді. Жұдырықтай бір жүрегіне бүкіл дархан даланы сыйғыза білген, қазақы болмыс пен ұлттық құндылықтарды қадір тұтқан суретшіге кезінде «Қастеев ошақ басынан шықпайды» деп сын таққандар да болыпты. Сонда ол «Ошақ басынан басталмаған өнерде жылылық болмайды» деп ұтымды жауап қайтарған көрінеді.

СОҒҒЫ ПОРТРЕТ

Бүгінгі көрме төрінен орын алған шоқтығы биік шығарма – «Амангелді Иманов». Қастеев қырық жыл уақытын Амангелдінің өмірін зерттеуге жұмсаған. Торғай өңіріне арнайы сапарлап, ағайын-туыстарымен кездесіп, көзкөргендердің суреттеп-сипаттауына қарай, батыр бейнесінің 100-ден аса эскизін жасайды. 1944 жылы алғаш рет Амангелді бейнесін кескіндегені үшін Қазақ КСР Халық суретшісі атағын иеленген. Амангелдіні тікелей танитын адамдар портреттің Имановқа қатты ұқсайтынын айтып таңқалыпты деседі сонда. Бүгінде кинода, театрда біз көріп жүрген Амангелді образы сол Қастеевтің кескіндемелік шығармасынан алынған.

Бұл көрменің басты жаңалығы – бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған Кенесары портретінің ұсынылуы. Портрет 1936 жылы салыныпты. Кенесары тарихымен айналысқандар жаппай қудаланып жатқан тұста бұл суретті қарапайым музей қызметкері жасырып қалған екен. Иә, суретшінің шығармашылық мұрасында портрет жанры маңызды орын алады.

– Әбілхан Қастеев жазған Шоқан Уәлиханов, Жамбыл Жабаев, Амангелді Иманов, Ғани Мұратбаевтарға арналған портреттері экспрессивтілігімен және адамның мінезі мен сыртқы келбетінің ерекшеліктерін анықтауға, тұлғаны тарихи оқиғалармен және өз заманының рухымен байланыстыруға ұмтылуымен ерекшеленеді. Суретші 1950–1960 жылдары «Жаңа Қазақстан», «Қазақстан жерінде», «Қазақстан байлығы», «Қазақстан жері мен адамдары» сияқты бірнеше акварельдік циклдар құрды, онда ол өзінің туған еліндегі ауқымды экономикалық өзгерістерді түсірді. Әбілхан Қастеев 1973 жылы өзінен кейін үлкен шығармашылық мұра қалдырып, 1984 жылы оның есімі берілген ҚР Мемлекеттік өнер мұражайының коллекциясында қалды. Қастеевтің шығармалары Қазақстандағы және шетелдегі көптеген мұражай мен жеке коллекцияларда бар. Суретшінің әрбір шығармасы туған жер мен оның адамдары туралы шабыттандырылған баяндау, ол өзінің барлық шығармашылығын қызмет етуге арнаған халқының жақсы және бақытты өміріне деген үмітін білдіру. Саналы ғұмырында 4000-ға жуық туынды жазған қылқалам шеберінің 400-ден аса көркем шығармасы бүгінде біздің музейдің қорында сақтаулы, – дейді көрме жетекшісі Сандуғаш Мырзабекова.

Қастеевтің соңғы жұмысы – әйгілі тарышы Шығанақ Берсиевтің аяқталмаған портреті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлдәрия ҚАСТЕЕВА, Әбілхан Қастеевтің қызы:

ӘКЕМ ГҮЛ ӨСІРГЕНДІ ЖАҚСЫ КӨРЕТІН

Маған әкемнің барлық картинасы ұнайды. Дегенмен, «Биік таулы Медеу мұзайдыны» шығармасын ерекше атап өтер едім. Байқасаңыз, ол картинада қаншама адамның сұлбасы бейнеленген десеңізші! Ол тұста қыста пальто киетін бәрі, картинадағы бізден тым алыста тұрған әр адамның үстіндегі пальтосына дейін анық. Неткен шеберлік, неткен төзім, ерік-жігер деп әлі күнге таңданамын. Мұз бетіндегі спортшылардың жалаулары, конькишілердің конькуі – бәрі анық, тіпті адамдардың мұз бетіне түскен көлеңкелеріне, ақ қар басқан тау бөктеріне шанышпа біткен қарағай, шырыш-ларға дейін шынайы. Шедевр демесе амалым жоқ!

Әкем таңғы сағат алтыда тұрып, ауладағы гүлдерді суаратын. Гүл өсіргенді жақсы көрді. Ауламызда шие, қара өрік, алма ағаштары болды, әкеміз соларды күтіп, баптап, қарайтын. Содан кейін шеберханасына кіріп кетіп, сурет салатын. Таңғы асқа шақырғанда, келе қоймайтын, ұзақ уақыт бас көтермей отыра беретін. Ал шайға келгенде, дастархан басында бізбен, балаларымен әрдайым әңгіме-дүкен құранды жақсы көретін. Әкемнің тау сынды биік тұлғасы мәңгі жадымда.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Бекбол РАМАЗАН,
Алматы қаласы мәслихатының
депутаты:

Бюрократиялық жүктемелер мен жүйесіздікті азайтады

Қазақстанның Бірыңғай уақыт белдеуіне көшуі туралы шешім қоғамда белсенді пікірталас тудырғаны белгілі. Еліміздегі барлық аймақ үшін бұл өзгерістің қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар деген сұрақтың туындауы заңды деп ойлаймын.

Артықшылығы сол, біріншіден, бірыңғай уақыт – кездесулерді жоспарлау және оларды ұйымдастыруды жеңілдетеді, яғни басқа аймақтардағы серіктестермен қарым-қатынас жасауда, бизнесте маңызы зор. Екінші, бюрократиялық жүктемелерді азайтады.

Яғни уақыт белдеулерін біріздендіру өңірлер арасындағы іскерлік қызметті жүргізу мен әкімшілік рәсімдерді және аумақты бақылауда пайдалы болмақ. Үшіншіден, әлеуметтік үйлестіруді жақсартуда тиімді. Жалпы бірыңғай уақыт белдеуі қоғамдық іс-шараларды, көлік кестелерін және басқа да қоғамдық жұмыстарды жоспарлаудағы жүйесіздікті азайтады. Енді кемшіліктеріне келетін болсақ, жаңа уақытқа бейімделу үшін кейбір азаматтарға уақыт қажет болады. Ауыл шаруашылығына әсер етуі ықтимал.

Мәселен, кейбір аймақтарда егіншілік уақыт белдеуінің өзгеруіне байланысты қиындықтарға тап болып, егін жинау мәселелерінде қиындық туғызуы мүмкін.

Қысқасы, елімізде Бірыңғай уақыт белдеуіне өту туралы шешімнің артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Мұндай өзгерістерді енгізу кезінде халықтың барлық топтары мен бизнес-қоғамдастықтың мүдделерін ескеру және елдің барлық өңірлері үшін ыңғайлылық пен практика арасындағы ең жақсы теңгерімді табу маңызды.



Корлан БОЛАТҚЫЗЫ,
№53 мектептің бастауыш сынып
мұғалімі:

Талап – баршаға ортақ

Білім саласында қызмет атқарған соң елімізде болып жататын жаңалықтардың барлығынан хабардармын. Жакында Премьер-министр Әлихан Смайылов 1 наурыздан бастап еліміздің аумағында 5-ші сағаттық бірыңғай уақыт белдеуін енгізуге қатысты құжатқа қол қойғанын білеміз. Сағат тілі жылжығанда көпшілігіміз уақытқа үйренісе алмайтынымыз рас. Бұл өзгеріс әсіресе, балалар үшін қиындау болары сөзсіз.

Өйткені, олар сағат 8.00-де сабақта отыруы үшін ерте тұрады. Егер олар бұрын 6.30-да тұрса, енді 5.30-да тұруына тура келеді. Бір қалыпқа түскенше осы жағынан қиналады. Бұл әлбетте олардың сабаққа деген ын-тасын төмендетеді.

Себебі, баланың жүйке жүйесі ересектерге қарағанда кеш оянады. Ал ұйқылы-ояу баланың миы ақпаратты толық қабылдай алмайтыны айтпаса да түсінікті. Есесіне, түстен кейін бос уақыт көп болады. Дегенмен, талап – баршаға ортақ! Бұған да үйренеміз.

ХРОНОБИОЛОГИЯ

БІРЫҢҒАЙ

Сағат тілін артқа жылжыту

1 наурызда еліміз бірыңғай уақыт белдеуіне көшеді. Ғалымдар мен шенеуніктер, жалпы жұрттың басым бөлігі, бірыңғай сағаттық белдеудің халықтың денсаулығын сақтауға, сондай-ақ түрлі саладағы байланысты жақсартуға көмектесетініне сенімді. ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің өкілдері, ғалымдар мен осы саланың мамандары еліміздің бірқатар өңірінде халықпен кездесу өткізіп, онда бірыңғай уақытқа көшудің маңыздылығын түсіндіруде. Қазақстанның бірыңғай уақыт белдеуіне ауысуына бір айдан астам уақыт қалды. Өмір сүруіміздегі өте өзекті мәселені талқылай келе, сарапшылар республиканың бірқатар өңіріндегі сағат тілі еліміздің батысында тұратын уақытпен тең болады деген қорытындыға келді.

Биологиялық ритмді клеткалық деңгейде зерттеген ғалым

Халықпен кездесуде біртұтас уақыт белдеуіне көшу бюджеттен ешқандай шығынды қажет етпейтіні айтылды. Техникалық реттеу комитетінің өкілдері еліміздің біртұтас уақыт белдеуіне неліктен көшу керектігін түсіндірген қалалар тізімі Ақтөбеден басталып, кездесу Жамбыл, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында өтті. Таяуда аталған комитет өкілдері, ғалым, мамандар Алматыға да ат басын бұрмақ.

Ақтөбеліктер мұндай өзгерістер тек тиімді болатынына сенімді. Мұны қалыпты жағдай деп санайды. Пікірлер сан алуан болғанымен, тоқтам – ортақ, республикада бірыңғай уақыт болуы керек деп есептейді. Қазір біз өмір сүріп жатқан уақыт – қалыпты табиғи уақыт. Бір сағат артықтықтың өзі абыржу мен ыңғайсыздық тудырады. Ел аймақтары арасындағы уақыттық кедергіні жою көптеген саладағы жұмысты үйлестіруге мүмкіндік бермек. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына қатысты. Біртұтас уақыт белдеуінің енгізілуі кәсіпкерлерге де оңтайлы болатынына мамандар сенімді.

Ғалымдар бірыңғай сағаттық белдеудің денсаулыққа пайдасы туралы айтады. Жиырма жылдан астам уақытын осы мәселені зерттеуге арнаған Әмір Куат – биологиялық ритмді клеткалық деңгейге дейін зерттеген жас ғалым.

Ғалым уақыт өлшемінің адам денсаулығына қаншалықты маңызды екенін тереңінен түсіндіреді. Ол уақыт, clock сағаттық генінің адам организмінде 38 триллиондай клетка болса, соның ішіндегі процестің Күнде қалай белсендірілетінін айтып берді.

Табиғи заңдылықпен тамырлас

Жакында арнайы топ еліміздің шығыс өңірінде болғанда тұтас еліміздің бірыңғай сағаттық белдеуге көшуінің бала денсаулығына қаншалықты маңызды екенін тәптіштеп түсіндірді. Бұл ретте еліміздің басым бөлігінде отандастырымыз өздерінің табиғи уақыт белдеуіне сәйкес өмір сүрмегендіктен, ұзақ уақыт түрлі тән кеселіне, созылмалы сырқатқа, беймазальққа ұрынғаны мәлім. Бұл – ғылыми дәлелденген жәйт.

«Адамдар табиғаттан тыс уақыт белдеуінде өмір сүргеніне қарамастан, олардың дене мүшесі ең алдымен табиғи заңдылықпен өмір сүреді. Демек, табиғи ұйқы, шамамен, бір сағатқа қысқартылатыны сөзсіз. Бір сағаттық ұйқыны азайту арқылы проблема жинақталады», – дейді биотехнолог Ә.Куат. Бұл жағдай күн сайын тұрақты түрде жинақталатындықтан, бізде онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларының саны өте көп. Ақтөбеден кейін сарапшылар еліміздің басқа өңірлерінде де жұртшылықпен осындай кездесу өткізеді. «Шығыс өңірі де UTC +6 белдеуде. Қазақстанның 67 пайызы бұл белдеуге жасанды түрде тартылған», – дейді ғалым. Шыны керек, Шығыс өңірде болған кездесу кезінде аймақта уақыт өзгергеннен кейін бір сағат бұрын қараңғы түсетінін айтып, мазасызданғандар да бар.

Соңғы жылдары әлемде биологиялық (циркадтық) ритмнің бұзылуы, ұйқы /сергектік режимінің бұзылуы салдарынан аса қауіпті рак, диабет, семіздік, жүрек-қан тамырлары жүйесі және де тағы басқа аурулар өршуімен, физикалық, психикалық денсаулыққа кері әсері, еңбекке қабілеттілік, өмір сүру ұзақтығы төмендеуі, жалпы адамның барлық тұрмыс тіршілігі ғана емес, қоғамдық ахуалға да кері әсері бары ғылыми-зерттеу нәтижелерімен дәлелденуіне байланысты хронобиология ғылымында, медицина саласында «әлеуметтік сағаттық белдеулер ауысуы синдромы» (синдром смены часовых поясов, social jetlag – SJJ, әлеуметтік десинхроноз) деген термин пайда болды.

Циркадтық ритмдер механизмін ашқаны үшін 2017 жылы АҚШ-тың үш ғалымы Джеффри Холл, Майкл Розбаш пен Майкл Янг медицина мен физиология саласында Нобель сыйлығының иегері болуына байланысты бұл саладағы зерттеулер тіптен көбейді. Мәселен, Ресей 2014 жылға дейін уақыт өлшемінің барлық практикасын – «жазғы» уақыт, үнемі «жазғы» уақыт, үнемі екі еселеген «жазғы» уақыт өлшемінің бәрін қолданып барып, ақыры ғалымдардың ықпалымен 2014 жылы «жазғы» уақыттан да, декреттік уақытты қолданудан да ресми бас тартты. Кейбір аймақтары стандарттық уақытқа өту үшін уақытын бірден 2 сағат артқа жылжытты.

Биотехнолог Әмір Куат өскемендіктерге тәуліктік ырғақтың мәнін, адамдардың әлеуметтік белсенділігі мен уақыт белдеуі арасындағы сәйкессіздіктің денсаулыққа келтіретін зиянын түсіндіруге тырысты. Оның пікірінше, осындай десинхронизация Шығыс Қазақстан облысында да байқалады. Қолданбалы хронобиология маманы Болат





УАҚЫТ БЕЛДЕУІ

бізге не береді?



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Нұрхожаев бұл белдеулік ауысу жоспарланып отырған табиғи уақыттың тәуліктік ырғақтың механизміне жақсы әсер ететінін айтты.

Шығыс өлкедегі кездесуде тұрғындар екінші ауысымдағы оқушылардың оқу жылы бойы қараңғыда оралып, денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретінін еске салды. Елімізде біртұтас уақыт белдеуін енгізуді негіздейтін дәйекті қолданбалы хронобиолог Болат Нұрхожаев та келтірді. Балабақшаға не мектепке апару үшін таңғы сағат алтыда оянатын балалардың ұзақ ұйықтамайтынын ата-аналарға ескертті. Хронобиолог уақытты бір сағат артқа жылжыту арқылы олар күнмен бірге табиғи түрде ояна бастайтынын дәлелмен дәйектеді.

Биоритмнің бұзылуы

Болат Нұрхожаев – біраз жылдан бері әлеуметтік желіде экологиялық тақырыпты, уақыт өлшемін көтеріп жүрген қоғам белсендісі, қолданбалы хронобиология маманы. Оның «Хронология: Біз неге тіріміз?» атты кітабында адамның биологиялық ырғағының сәйкестігі, сағаттық белдеу, уақыт өлшемі, ұйқы тәртібі, хроноцид пен десинхроноз, суицид, семіздік пен диабет, инфаркт пен инсульт мәселесі кең көлемде қамтылған. Бұл – хронобиология ғылымы жайлы жазылған ең алғашқы кітап. Еңбек танымды, нақты деректерге сүйене отырып жазылған. Әрі ғылыми деп те айтуға болады. Өйткені, көптеген ғалымдардың еңбектері зерделенген, сілтемелер жасалған. Автордың өзекті мәселелені терең ашуға ұмтылғаны байқалады. Оны ғылыми негіздермен дәлелдеуге тырысқан. Тың тақырып, жаңа терминдер...

«Жастар арасындағы суицид мәселесін зерттей бастағанымда, уақыт өлшемінің дұрыс қойылмауы, десинхроноз, биологиялық ритмнің бұзылуы деген мәселелерді байыптадым. Біздегі өршіп тұрған аурулардың мұнымен байланысы барын білдім. Жеті-сегіз жыл зерттеген дүниелерімді кітап қылып жарыққа шығаруға қоғам белсенділерінің ұсынысы сеп болды. Бұл кітап салауатты өмір салтын сақтауға, әсіресе, жастарымыздың қазіргі негативті факторлардан өзін-өзі қорғауына ықпал етеді деген үміттеміз. Соңынан орай, ғалымдардың да пікірі бар» дейді автор.

Білікті медицина мамандарының пайымдауынша, «ұйқысы бұзылған адам организмнің функциялық қызметі бұзылады. Сәйкесінше, өзгеріс орын алады. Сол өзгеріс кезінде диабет, кант диабетіне шалдығушылар қатары көбейеді. Мұның өзі қан айналым жүйесінің бұзыла бастауына әкеледі». Демек, бұл еңбекте адамның уақытылы ұйықтауы, дұрыс тамақтануы мен денсаулығын күту секілді маңызды мәселелерге назар аударылады. Автор осы еңбегін одан әрмен жетілдіріп, кең көлемді ғылыми кітап жазуға ұмтылып отыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сонымен, 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00.00-ден бастап еліміздің барлық аумағы бірыңғай уақыт белдеуіне көшпек. Бұл дегеніміз, Астана уақытымен жүретін 3 мегаполис пен 12 облыс уақыты енді 1 сағат артқа шегеріліп, елдің батысындағы облыстармен теңеседі деген сөз. Ғалымдар бір белдеу уақыты мен географиялық белдеу уақытын жақындатудың адам өміріне оң әсері көп деп есептейді. Тіпті, экономика тұрғысынан да тиімді көрінеді. Жалпы, сағат тілін жылжыту бізге не береді? Бұған сала мамандары мен әлеумет не дейді?



Куаныш ЕЛІКБАЕВ,
ҚР Сауда және интеграция
министрлігі Техникалық реттеу және
метрология комитетінің төрағасы:

Синхронды түрде жұмыс істейді

Бірыңғай уақыт белдеуіне көшкеннен кейін таңғы уақытта қазіргідей жарықтандырудың шұғыл қажеттілігі болмайды. Мұндай шара кәсіп жүргізуге

тиімді әсер етеді.

Бұл шара аймақтар арасындағы үйлестіруді жеңілдетіп, трансшекаралық байланысты орнатуға көмектеседі. Бірыңғай сағаттық белдеуде теміржол қатынасы, әуе көлігі, бизнес, банктер бір уақытта жабылады. Енді бәрі, тіпті үкімет әкімшілігі де, синхронды түрде жұмыс істейтін болады.



Болат НҰРХОЖАЕВ,
қолданбалы хронобиология маманы:

Күнмен үйлесімді белсенділік керек

Біз Шығыс Қазақстан бойынша күннің шығуы мен бату уақытын талдадық.

Шын мәнінде, уақыт белдеуін өзгерту арқылы табиғи уақытты қайтарамыз. Адам дұрыс оянуы үшін қысқы күн тоқырауымен реттелетін «аймақтық уақыт» ұғымы бар. Сондықтан аймақ тұрғындарына қолайлысы – өз биоритмінің есебінен емес, күнмен үйлесімді белсенділік танытуы.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Бейбітгүл
БАШЕНОВА,
№5 қалалық
клиникалық
аурухананың
дәрігері:

Денсаулық үшін пайдалы

Бала кезімізде де сағат жазғы уақыт, қысқы уақытқа жылжып жатушы еді ғой. Бұл да сол секілді. Алматы халқы үшін сағат тілін жылжыту қиындық тудырады деп ойламаймын. Өз басым, бұл жаңалықты қос қолдап қолдаймын. Неге десеміз, ерте жатып, ерте тұруға үйренеміз. Әйтпесе, қазір көпшілігіміз түнімен телефон шұқылап, уақытында ұйықтауды ұмытқанбыз. Енді жұмыстан, мектептен қалмау үшін бір қалыптқа түсіп, уақытылы демалатын боламыз. Өзіңіз де білесіз ғой, ұйқысы қанған адам сергек жүреді. Ал сергек адамның жұмысқа ынтасы зор болады. Дәрігер ғалымдар да жаңа уақыт белдеуіне ауысу бізге қалыпты өмір сүру үшін, екіншіден, балалардың дұрыс дамуы үшін өте пайдалы екенін айтып отыр. Бәріне уақыт төреші.



Бауыржан
СЕРБАЙҰЛЫ,
«Қазпошта»
АҚ
менеджері:

Жаңа уақытпен оянамыз

Атам қазақ сағат жоқ кезде де өмір сүрген ғой. Десек те,

менің ғылыми зерттеулерден оқығаным бойынша түсінгенім, бізде адам өміріне әсер ететін 3 уақыт өлшемі бар екен. Біріншісі – Күн уақыты. Яғни жер бетіндегі барлық тіршілік нәсілдері күннің атуы мен батуымен өзінің биологиялық ырғақтары қалыптасқан. Екіншісі – біздің қолымыздағы уақыт, жұмысқа, сабаққа баратын әлеуметтік уақытымыз. Үшіншісі – біздің ішіміздегі биологиялық уақытымыз. Қазір бізде UTC+5 пен UTC+6 секілді екі уақыт белдеуі бар.

Бірақ жақында бәрі бір уақытқа көшеді. Көптің пікірінше, бізде өзгеріс, әсіресе, шығыс өңір халқына ауырлау болмақ. Себебі, күн қысқарған сайын олар күн сәулесін аз көреді. Ал кеңселерде отыратындар мүлде көрмейді дейді. Ғалымдар мен сарапшылар тиімді жағы көп дейді. Бұл қаншалықты рас? Оны әзірше мен білмеймін. Десек те, Бауыржан ағамызша айтсақ, «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп ойлаймын. Демек, жаңа уақытпен оянуға дайынбыз!



Сымбат
КАСЫМБАЕВА,
«Шұғыла»
ықшамауда-
нының
тұрғыны,
көпбалалы
ана:

Халық денсаулығына кері әсер етпеуі керек

Сағат белдеуін ауыстыру қажет екені туралы әңгіме біраз уақыттан бері айтылып келеді. Десек те, қалыптасқан өмір дағдысын ауыстыру, яғни сағат тілін жылжыту барлығына бірден оңтайлы болуы екіталай.

Мәселен, біз өткен жылы ақпан айында Қостанайға тойға бардық. Сонда сағат таңертеңгі тоғызда олар жақта әлі қараңғы болып тұрды. Біз үшін бұл тансық дүние болды. Ең бастысы, бұл халық денсаулығына кері әсер етпеуі керек.

Әзірлегендер
Айнабай МӘДИ,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

КИБЕРБУЛЛИНГ

интернетті немесе басқа технологияларды пайдалану арқылы жасалатын бопсалаудың бір түрі

Әрбір отбасының басты құндылығы – ата-ананың көз қуанышы, олардың әлпештеп өсіріп отырған балалары екені белгілі. Дегенмен, соңғы кездері қоғамда болып жатқан балаларға қатысты қатыгездіктің сан түрін естігенде, жаға ұстағаннан басқа амалымыз қалмай отыр. Нақтырағы, қылмыстың да, қатыгездіктің де түрі тым көбейіп барады. Бұл жағдай бәрімізді алаңдатып, тіпті мемлекеттік деңгейде назарға алынып отыр. Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керектігін айтқан еді.

Президент тапсырмасы жедел қолға алынып, ендігі жерде елімізде мектептегі буллингпен күрестің алдын алу үшін Финляндияның KiVa бағдарламасы қолданылмақшы. Оқу-ағарту министрлігі буллингке жол бермеу бағытында халықаралық тәжірибелерді зерделей келе, осы фин тәжірибесін оңтайлы көріп, оны жіті қарастырып отыр.

Кезінде фин елінде де жасөспірімдер арасындағы қатыгездік белең алып, талай жанның тағдыры шығылаңға түскен көрінеді. Ұзақ уақыт бойы елде бұл мәселе талқыға түсіп, ақыры KiVa деген әлем мемлекеттерінің назарын аударған бағдарлама қабылдаған еді. Мамандардың зерттеулері бойынша аталмыш бағдарлама 10 жылдың ішінде фин мемлекетінде өріс алып, балалар арасында кездесетін буллингтің бірнеше есеге дейін азаюына септігін тигізген көрінеді. Міне, біздің елде де осы бағдарламаны білім саласында кеңінен қолданбақшы. Қаламыздағы мектептерде оқушылар арасындағы буллинг мәселесі қалай шешіліп жатыр деген сауал төңірегінде М.Базарбаев атындағы №138 гимназияның тәрбие жөніндегі орынбасары Ақмарал Божанованы сөзге тартқан едік.

– Қазіргі таңда бұндай мәселе жоқ деуге болады. Бала болған соң олардың арасында кейде түсініспеушілік болуы мүмкін. Бірақ біз ондай жағдайлардың алдын алып, тезірек шешімін табуға тырысамыз. Білім жүйесінде оқушылар арасындағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі жұмыс жыл сайынғы жоспар негізінде жүзеге асырылады. Оған білім алушылар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, мектепшілік есеп, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі аумақтық комиссия-



лар тарапынан профилактикалық көмек кіреді, – деді А.Божанова.

Сонымен қатар, оқушылардың тәртіп бұзуына жол бермеу бағытында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесіне ерекше назар аударылып отырғанын атап өткен жөн. Осы орайда министрлік орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының бірыңғай қағидаларын бекітті. Бұған дейін психологиялық қызметтердің жұмысын әрбір өңір әкімдігі дербес реттеп келсе, бұл ретте 7 мыңға жуық мектеп пен колледжге буллингтің алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитеті еліміздің бірнеше өңірінде балаларды жәбірлеудің алдын алу және білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтердің жұмыс принциптері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жыл басынан бері Алматы қаласында да буллингтің алдын алу бойынша жаңа ережелермен жұмыс істеу және оны тәжірибеге енгізу жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бас-талды. Қазір қала мектептерінің психологтарымен, әдіскерлерімен, әлеуметтік педагогтарымен, директорларымен, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен және ата-аналар кеңесімен кездесулер өтіп жатыр. Мұндағы басты мақсат – оқушылар арасындағы жәбірлеу, бопсалау сияқты тәртіпсіздіктің алдын алу.

Жалпы, мұндай жағдайларға ұсақ мәселе деп қарамаған жөн. Бұған дәлел ретінде мемлекет тарапынан өткен жылдың соңында балаларды жәбірлеудің (буллинг) алдын алу ережелерінің қабылданғанын айтуға болады.

Мұнда білім алушылардың психологиялық жағдайын нығайту үшін мамандардың балалармен, ата-ана және мұғалімдермен жұмыс істеу алгоритмдері көрсетілген.

Мәселен, дәл қазір қоғамды алаңдатып отырған кибербуллинг – баланың қыр соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында. Өз кезегінде балаға дөрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберіп, жәбірленушіні онлайн-режимінде мазақ ету, не жеке басына тән ақпаратты, фотоны, бейне-

жазбаны орналастырып, басқа баланың қыр соңына түсу, не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не онлайн-режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамту арқылы жасалады. Осы арада отбасының да атқарар рөлі зор. «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Отбасында болатын ата-аналар арасындағы төбелес, ұрыс-керіс, психологиялық және физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайтын балалардың эмоциялары да қалыпты болмай, кез келген жағдайда ашу-ызаның ұлғаюына, физикалық агрессияға бейімділіктің артуына әкеліп соғады.

Міне, әлгінде министрлік әзірлеп отырған бағдарлама балаларды қорғау жүйелері және мектептерде тұрмыстық зорлық-зомбылық байқалған отбасылар мен осындай отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалармен жұмыс істеу үшін әзірленіп отыр.

Қоғамда мұндай бағдарламалардың болуы аса маңызды да. Сонымен қатар, мұндай бағдарлама отбасындағы зорлық-зомбылық пен балаларға қатысты зорлық-зомбылық деңгейін азайту үшін ғана емес, отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайында өмір сүріп жатқан балаларды түсіну, олардың ашу-ыза мен физикалық агрессияға бейімділігімен жұмыс істеу тұрғысынан да маңызды болып табылады.

Аталмыш бағдарлама жастардың ермегіне айналған – электронды шылым шегуінің алдын алуға да бағытталып отыр. Бұл қадамның ең алдымен оқушыларды, жасөспірімдерді жаман әдеттен арылту мақсатында жасалып отырғанын еске салғымыз келеді. Дәл қазір әлемдегі 25 мемлекетте вейпті сатуға заңмен тыйым салынса, біздің мемлекетіміз де осы қатарға қосылуы керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сағыныш ҚОРҒАНҚЫЗЫ, психолог:

Баланы қорғау – басты мақсат

Мектептегі зорлық-зомбылық бүгінде назар аударатын негізгі мәселеге айналып отыр. Балалардың құқығын қорғау – еліміздің басты құндылықтарының бірі. Жаппай белең алып кетті деп айту артық болар, дегенмен психологиялық зорлық-зомбылық түріне баланы қорқыту және оны бақылау үшін қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдарды да қамтиды. Физикалық зорлық-зомбылыққа – соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шаптан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау жатады. Жалпы, бопсалау дегеніміз – балаға зорлық не тән жарақатын салу қаупін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде жасалатын қылмыстың бір түрі.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

АТАҚ АЛАМ ДЕП, АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

Қазір не көп, түрлі марапат көп. Ол адамның еткен еңбегі мен жеткен жетістігіне беріліп жатса, әңгіме басқа болар еді. Бірақ әңгіме бұл арада түрлі жекеменшік ұйымдардың төсбелгілер мен түрлі атақты шүлен таратқандай үлестіргенінде болып отыр. Осыдан біраз уақыт бұрын бір танысым өзінің марапатқа ие болғанын айтып, қуанышымен бөлісті. Шындығында, бұл төсбелгіге екінің бірінің қолы жете бермейді. Сөйтсем, бұл жекеменшік ұйымға аз ғана қаражат төлеп ала беруге болатын төсбелгі көрінеді.

Мұндай марапаттар көбіне біліктілігін көтеру, қайта сынақ тапсыру кезінде аз болса да көмегін тигізетін сыңайлы. Міне, қоғамда орын ала бастаған осындай жәйттің алдын алу үшін Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласының педагогтары мен қызметкерлерін көтермелеу жүйесіне нақты қандай марапаттар кіретінін бекітіп, көпшілікті құлағдар етіп отыр.

Мұндағы басты мақсат – алаяқтардың құрығына түсіп, алданып қалмау. Жалған марапаттың жарға жығатынын да ескертіп отыр. Министрлік бекітіп отырған нақты марапаттар қатарына «Оқу-ағарту министрінің Алғысы», «Оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың үздігі» Құрметті дипломы, «Орта білім беру ісінің үздігі», «Қосымша білім берудің үздігі» Құр-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

метті дипломы, «Техникалық және кәсіптік білім беру ісінің үздігі» Құрметті дипломы, «Оқу-ағарту министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері» Құрметті дипломы, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, «Мейірім – әлемге махаббат» медалі, «Еңбек ардагері» медалі кіреді.

Сонымен қатар, министрлік мұндай марапаттарға ие болу үшін сіздің еңбегіңізді бағалайтын ұйымның бар екенін, яғни алдымен ведомстволық наградалармен көтермелеуге ұсынымды өңірлік білім басқармалары жанындағы «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін көтермелеулер мен марапаттауға материалдар енгізу жөніндегі комиссия» енгізетінін ескертіп отыр. Көтермелеу үшін кандидаттардың құжаттары салалық көтермелеу жүйесінің 6-қосымшасына сәйкес жұмыс көрсеткіштеріне сәйкес қаралады.

Мұндай жағдайда үміткердің жұмыс тәжірибесі, біліктілігі, педагог пен оның оқушыларының жетістіктері және т.б. марапаттау балдарды есептеу негізінде жүзеге асырылады. Оқу-ағарту министрлігіне келіп түскен материалдарды қарау нәтижелері бойынша министрлік комиссиясы ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Бұған қоса, әрбір көтермелеудің сәйкестендіру нөмірі болады.

Ол міндетті түрде ҚР Оқу-ағарту министрінің мөрімен және қолымен бекітіледі. Ал бұдан басқа көтермелеудің өзге түрлері ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық наградаларына жатпайды. Қандай да бір атаққа ұсыныстар еліміздегі айтулы күндері – «Республика күні» ұлттық мереке, «Мұғалімдер күні» кәсіби мереке, «Халықаралық балаларды қорғау күні» халықаралық мереке, «Білім күні» құрметіне орайластырып, табыс етіледі.

Осы ретте Оқу-ағарту министрлігі «бейресми марапаттар мен атақтардың жиілеп кетуіне байланысты мұқият болуды сұраймыз. Мемлекеттік наградалар туралы барлық ақпарат ҚР Оқу-ағарту министрлігінің сайтында орналасқан» деп ескертіп отыр. Атақ алам деп, алданып қалмаңыз!

Бетгі әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 29 қаңтардағы №1/1-20 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, Энергиятиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының 2022 жылғы 29 наурыздағы №41/176-ІІ хаты және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 Қала сыртындағы коллекторды қайта жаңарту үшін Алматы қаласының Алатау және Жетісу аудандарында орналасқан меншік иелерінен (жер пайдаланушылар) жер учаскелерін алып қоюсыз, осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне 5 жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (жария сервитут) белгіленсін.

2. Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен бірлесе отырып:

1) жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушылар) қабылданған қаулы туралы хабарласын;

2) осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын коса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 29 қаңтардағы
№1/1-20 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-321-006-861	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 78/2	0,2549
2	20-321-006-264	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 84	0,0296
3	20-321-006-842	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 90/1	0,0184
4	20-321-006-853	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесінің батысында	0,0852
5	20-321-006-852	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесінің батысында	0,0413

6	20-321-006-057	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 32	0,0016
7	20-321-006-903	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 104	0,2767
8	20-321-006-870	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесінің батысында	0,1552
9	20-321-006-866	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесінің батысында	0,3081
10	20-321-006-527	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 116	0,7079
11	20-321-006-048	Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесінің батысында, «Айнабұлақ» шағынауданының солтүстігінде	0,0010
12	20-321-006-620	Алатау ауданы, «Қарасу» шағынауданы, нөмірі жоқ учаске	0,0157
13	20-321-006-256	Алатау ауданы, «Айнабұлақ» шағынауданы, 65 Б	0,0338
14	20-321-020-025	Алатау ауданы, «Қарасу» шағынауданы, Высоковольтная көшенің батысында	0,0970
15	20-321-020-478	Алатау ауданы, «Қарасу» шағынауданы, Высоковольтная көшенің батысында	0,0493
16	20-321-020-323	Алатау ауданы, «Қарасу» шағынауданы, Высоковольтная көшенің батысында	0,0484
17	20-314-043-416	Жетісу ауданы, Талант көшесі, 42/3 учаске	0,0032
18	20-314-043-397	Жетісу ауданы, Бурундайская көшесінің солтүстігінде, Солтүстік айналым көшесінің батысында	0,0013
19	20-314-043-370	Жетісу ауданы, Бурундай тас жолының солтүстігінде, Первомай мұнай базасының батысында	0,0637
20	20-314-001-008	Жетісу ауданы, «Көкмайса» шағынауданы, 27 А	0,0006
21	20-314-001-027	Жетісу ауданы, «Көкмайса» шағынауданы, 27/4	0,0203
22	20-314-001-036	Жетісу ауданы, «Дорожник» шағынауданы	0,0795



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 747 617 17 37 телефондары арқылы хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы борттыңдағы жолаушыларға қолжетімді.



ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК

хандарға арналған комикс жарық көрді

Талантты жас қаламгер әрі суретші Ильяс Юсуфжановтың «Керей мен Жәнібек» атты комиксі жарық көрді. Қазақ және орыс тілінде шыққан комикстің таныстырылымы 27 қаңтар күні Алматыда өтті.

Естай
БОЖАН

Комикс жанры елімізде кенжелеп қалған жанр екені мәлім. Сондықтан да Ильяс Юсуфжанов секілді жас таланттардың аталған жанрда еңбектеніп, қазақ мемлекеттілігіне қатысты тарихи деректерді жастарға мейлінше өтімді тәсілмен жеткізуі айрықша мәнге ие. Комикстің таныстырылымына жиналған қауым пікірі де осыған топтасты.

Әуезов ауданында өткен әдеби іс-шараға Алматы қалалық әкімдігі мен Әуезов ауданы әкімдігінің ресми өкілдері, жазушылар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Сондай-ақ, авторды қолдауға оның қатарластары, Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебінің Giovanni Talenti камералық оркестрі, өзге де өнерпаздар қатысты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев пен Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердив жас авторға арнайы құттықтау хатын жолдады, өз қолдауларын жеткізді. Ресми құттықтауларда мәдени, тарихи құндылықтарды жастарға өтімді тәсілмен насихаттаудың маңыздылығына айрықша тоқталған. Бұл орайда нәтижелі еңбек еткен авторға шығармашылық табыс тілеген.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖЫЛҚЫҒА ЖАБУ ЖАПҚЫЗҒАН

адуынды Ақпан есік қағып тұр

Қазақтың әр айда келетін амалдарының саны жиырма төрт. Бұл амалдар екі-екіден он екі айдан орын алған. Алғашқы он екісі (наурыздан бастап) – шуақты, жылы болып келетін алты айдыкі, екінші он екісі (қыркүйектен бастап) – қытымыр, дауылды болатын алты айдың еңшісінде. Олар өз ішінен үшеуі – көктем маусымына, үшеуі – жаз маусымына, үшеуі – күз маусымына, үшеуі – қыс маусымына бөлінеді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Бабалардың болжамдарына сай, айтқан, ескерткен пайымдарына сүйене отырып, мен сол 24 амалды түгел жыл бойы (2023 ж.) атап көрсеттім. Әрбір амалдың уақытын, мінезін, қандай қауіп барын, олардан бабаларымыздың қалай сақтанғанын жаздым.

Қазір өткен жолы жазғанымдай, Тоқырау амалы біту қарсаңында. Мұны «қара суық» деп те атаған. Бұл кез – үскіріктің аса қатты кезі. Бұл амалды «қызыл соғып тұр» деп те, «қызылдатып тұр» деп те атайды. Осы мезгілде аяз бетті қарып, үскірік жалап тұрады. Ағаш бұтақтарына сүңгі қатып, қар кеш батқанша қылаулап жауады.

Қысқы тоқырау мезгілі болғандықтан «тоқырау» деп те атаған. Есепшілер осы

амалдан бастап күннің ұзаруы қарқын алады деп санайды. Тоқыраудың тағы бір аты – қылау. Қардың қылаулап жауатынына байланысты қойылса керек. «Қыс шілдесі» қатар жүріп жатыр. Қаңтардың соңғы күндері қыс күшіне еніп, сақылдаған сары аяз орнайды. Қыстың осындай нағыз өз күшіне енген уақытын «қыс шілдесі» дейді. Ол туралы өткен жолы жазғанбыз. Қаңтардың тұяқсерпері десе де болады.

...Әлеуметтік желіге жыланның суреті шықты. Сол-ақ екен, талқылау, пікір таласы басталды да кетті. Қақаған қыста жыланның асфальт жолда жортуы кім-кімді де таңқалдырды әрі ойландырды. Желі қолданушылар өз пайымдарын жазып жатты. Бірі жақсылыққа жорыса, екіншісі тосын жағдай болуы мүмкін деп топшылады...

Жылан туралы қазаққа түрлі жорамал бар. «Жылан жылы жылыс (жайлы) болды», «Жылан жылы – жайлы» деп жатады. «Жылан төсін көрсетсе, ел толқиды» деген де тәмсіл бар. 22 қаңтар күнгі тосын жер тербелісі осы соңғы тәмсілге саяды. Дала данышпаны атанған бабалардың «Адам түшкіргенде жеңілдейді, жылқы пысырғанда жеңілдейді, жер сілкінгенде жеңілдейді» деген парасатты пайымы да бар емес пе? Олай болса, жоғарыдағы құбылыстарды жақсылыққа жорығанымыз жөн. Егемен еліміздің ертеңі жарқын болсын. Алдағы күнге ізгі тілекпен, игі ниетпен қарайық!

Жылқыға жабу жапқызған адуынды Ақпан есік қағып тұр. Данагөй бабаларымыз: «Қаңтар – аяз айы, ақпан – боран айы» немесе «Қаңтар бөгет салады, оны ақпан бұзады» деп қауіптенген. «Білмесен білдірем, білсең бүлдірем!» дейтін де осы ай...

Бұл аязды күндер ақпанның алғашқы аптасына дейін жалғасады. Ақпанның 5-інен

КЕРЕК ДЕРЕК

Ильяс Юсуфжанов – әдеби ортаға Ильяс Юсуф деген атпен танылып келе жатқан жас жазушы. Бұған дейін де бірнеше еңбектері жарық көріп үлгерген болатын. Ол «Қазақстандық ең жас қаламгер» ретінде жергілікті Гиннесс рекордтар кітабына да енген.

тарихымызды насихаттауда «Керей мен Жәнібек» комиксі секілді еңбектердің тигізер көмегі мол. Себебі, ол жастардың қабылдауына жеңіл және ыңғайлы. Сол үшін біз авторды осы еңбегімен құттықтаймыз, әрі шығармашылығына қолдау көрсете бермекпіз», – деді.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Аспан денелерінің қозғалысына қарап жасалған жорамал

* Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жсау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.

* Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.

* Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.

* ...Күн қораланса күрегіңді сайла.

* Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жсауатындығын, ашық болса шуақты болатындығын білдіреді.

* «Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда атан адым ұзарады» (тәмсіл).

* Қазір ай таңға ұласады, сондықтан терезе пердесін қымтап, ай жарығынан сақтанған жөн.

6-сына қараған түні тоқтайды. Өйткені, осы түнде Үркер жоғарылап бара жатқан бағытын өзгертіп, батысқа бет бұрады (төмендейді). Мұны қазақ «Үркердің аууы» деп атаған. Жетіқаракшының шөміші төмен қарай салбырап, сабы жоғары көтеріледі. Сол мезгілден бастап суық күндер қатары сирейді...

Алматыда танымал ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағы Поэзия кеңесінің төрағасы, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің аға ғылыми қызметкері Әділғазы Қайырбековтің «Өлең – жанның сәулесі» атты жыр кеші өтті.

«ӨЛЕҢ –
ЖАННЫҢ
СӘУЛЕСІ»

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Тәрбие департаменті ұйымдастырған әдеби шараның тізгінін осы университеттегі Оразалы Досбосынов атындағы орталықтың жетекшісі, белгілі айтыскер ақын Шұғайып Сезімханұлы ұстады. Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын-ғалым Бауыржан Жақып жазушылар ұйымы мен университет студенттері арасында осындай шығармашылық байланысты нығайтуға, рухани дамытуға үлкен көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Жас таланттарды тәрбиелеуде қазақ әдебиетінде ойып тұрып алған орны бар Әділғазы жырларының ықпал-әсері мол болатынына тоқталды.



Кеш барысында студенттер көңіл қалауымен кезекпе-кезек ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Содан соң кеш иесінің өзі жырларымен, ой-толғаныстарымен бөлісті. «Қаңбақтар қашып барады», «Киіктер», «Есе кеткен», «Неге сонша...», «Қар жауған күн», «Теріскей, Шәмші. Сабырхан», «Барқытбел», «Үшеуің-ай», т.б. өлеңдерін, балладаларын оқыды. Ақын оқырмандарының көптеген көкейкесті сұрақтарына жауап қайтарды. Зиялы қауым өкілдері, оқытушылар, студенттер қатысқан кеш өте әсерлі өтті.

Назгүл АЛТАЕВА.

